


Асқарали СУЛАЙМАНОВ, Исламжан РАХМАНОВ,
Зилала СУЛАЙМАНОВА

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ



**Жалпы орта білім беретін мектептердің
4-сыныбына арналған оқулық**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа
білім беру министрлігі бекіткен*



«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ – 2015

UO'K: 372.874=512.122(075)
KBK 74.268.51
T 22

Пікір білдірушілер:

Камолиддин Бехзод атындағы Ұлттық суретшілік және дизайн институты профессоры, Өзбекстан халық суретшісі, профессор

Р. Худайберганов;

Наманган Мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты **А. Амануллаев;**

Республикалық Халыққа білім беру орталығының бас методисті

Н. Баймурадова;

Ташкент ҚПҚҚДАИ аға оқытушысы **Қ. Мирахмедов;**

Ташкент қаласындағы 51-мектептің бейнелеу өнері мұғалімі

Д. Хасанов.

Шартты белгілер



— сұрақтарға жауап бер



— үйге тапсырма

T 22 Сулайманов, Асқарали

Бейнелеу өнері: Жалпы орта білім беретін мектептердің 4-сыныбына арналған оқулық/А.Сулайманов, И.Рахманов, З.Сулайманова. — Т.: «Sharq», 2015. — 112 б.

І. Рахманов, І. ІІ. Сулайманова, З.

ISBN 978-9943-26-351-2

UO'K 372.874=512.122(075)

KBK 74.268.51

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-26-351-2

© Сулайманов А. Рахманов И. Сулайманова З., 2015
© «Sharq» БПАК Бас Редакциясы 2015

1 - тақырып

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ЖАНРЛАРЫ

Қадірлі оқушы! Бейнелеу өнері өмірді көрсетуде, дүниенің сұлулықтарын сезінуде адамға жәрдем беруін білесің.


Сен бейнелеу өнерінің түрлері туралы бірінші сыныптан-ақ бастапқы мәліметті алғансың. Бейнелеу өнері өзінің бейнелеу тәсілдері және басқа жақтарына қарай — **графика**, **кескіндеме** және **мүсіншілік** сияқты түрлерге бөлінеді (1-сурет).




1-сурет. Бейнелеу өнерінің түрлері: графика (а), кескіндеме (ә) және мүсіншілік (б).

Графика. Бейнелеу өнерінің ең көп тараған түрлерінен бірі — графика. «Графика» сөзі грекшеде «жазамын», «сызамын» деген мағынаны білдіреді. Қаламмен немесе тушьта жасалған суреттер, кітап, газет және журналдарға сызылған иллюстрациялар (2-сурет), бірденеге ойылған оюлар, плакат, стенд, бұйымдардың заттаңбалары, жарлықтары, азық-түліктер оралған жазулы қағаздар – бұлардың барлығы графика үлгілері болып саналады.

Кескіндеме. Кескіндеме — бейнелеу өнерінің ең тартымды да әсерлі түрі (3-сурет). Онда суретші




2-сурет. Тельман Мұхамедов. Ғафур Ғұламның «Шум бола» қыссасына жасалған иллюстрация.



3-сурет. Еркин Базаров. Інімнің портреті.

бояулар арқылы матаға, қағазға немесе басқа жазық бетке тіршілік құбылыстарын көркем бейнелеп береді. Атақты суретші Рахим Ахмедовтың «Ана ойлары» шығармасында ана бейнесі ашық табиғат құшағында көрсетілген. Ананың ойланып отырған күйі, көрерменді ойға батырады. Еріксіз, өз анамыз немесе әжеміз келбеті көз алдымызда елестейді. Кескіндеме шығармалары, негізінен акварель, майлы бояулар арқылы жасалады.

Мүсіншілік. Мүсіншілік – болмысты үш өлшемді кескінде бейнелейтін өнер түрі (4-5-сурет). Мүсінді кез келген жағынан айналып өтіп тамашалауың мүмкін.



4-сурет. Равшан Миртажиев.
Ибн Сина бюсті.



5-сурет. Равшан Миртажиев.
Әлішер Науаи ескерткіші.

Мүсінші Илхам Жаппаровтың «Әмір Темір», «Ахмад әл-Ферғани», Равшан Миртажиевтің «Камолиддин Бехзад», «Ибн Сина», «Әлішер Науаи» «Мырза Ұлықбек» шығармалары шеберлікпен жасалған.

Мүсіншілік шығармалары да әр түрлі болады. Егер адам көрінісі басынан беліне дейін көрсетілген болса, мұндай мүсін **бюст** делінеді. 4-суретте бейнеленген мүсін – бюст. Бюстер ұлы тарихи тұлғаларға арнап орнатылады.

Ғимараттардың қабырғалары мен қасбеттеріне, теңгеге, медаль сияқты бұйымдардың бетіне жасалған бедерлі-дөңес суреттер мүсіншіліктің **рельефті мүсін** үлгілері болып табылады. Мүсіншілік шығармаларын жасауда лай, пластилин, гипс, ағаш, мәрмәр, гранит, бронза, тіпті, алтын, мыс, күміс сияқты қымбат бағалы металдардан да пайдаланылады.

Бейнелеу өнерінің жанрлары. Бейнелеу өнер шығармаларының тақырыбы, мазмұны, жасалу әдісіне қарай түрлі жанрларға бөлінеді. «Жанр» сөзі французша сөз, «түр» немесе «көрініс» мағынасын білдіреді. Бейнелеу өнерінің жанрлары олардың түрлеріне де байланысты. Кескіндеме және графика шығармалары төмендегі негізгі жанрларда жасалады: **1. Портрет. 2. Натюрморт. 3. Пейзаж. 4. Тұрмыстық. 5. Тарихи. 6. Батальдік. 7. Анималистік. 8. Марунистік.**

Егер картинада адам көрінісі бейнеленген болса, мұндай шығарма **портрет** жанрына жатады. Бұған Италияның атақты суретшісі Леонардо да Винчинің «Мона Лиза», Мұхаммед Нуриддиновтың «Ана портреті» (6-сурет) шығармасы портрет жанрына тиісті.

Портрет жанры



6-сурет. Мухаммед Нуриддинов. Ана портрети.

Натюрморт жанры



7-сурет. Акмал Икрамжанов. Натюрморт.

Пейзаж жанры



8-сурет. Орал Таңсықбаев. Тауда.

Тұрмыстық жанр



9-сурет. Борис Кустодиев. Таң.

Тарихи жанр



10-сурет. Илья Репин. Запорожьеліктер түрік сұлтанына хат жолдап жатыр.

Батальдық жанр




11-сурет. *Әлішер Алықұлов*. Моңғол басқыншыларына қарсы шайқас.

Анималистік жанр



12-сурет. *Илхам Атабаев*. Тұлпарлар.

Марунистік жанр



13-сурет. ОралТаңсықбаев. Сырдария.

Натюрморт жанрындағы шығармаларда жансыз нәрселер бейнеленеді (7-сурет). Французша «nature morte» – «өлі табиғат» деген мағынаны білдіреді.

Бейнелеу өнерінің ең көп тараған жанрларының бірі – **пейзаж жанры**. Онда суретші табиғат сұлулығын бейнелеумен бірге адам және табиғат қатынастарын көрсетеді (8-сурет).

Күн көрістік тіршілік, тұрмыстағы оқиға мен құбылыстарды көрсететін бейнелеу өнерінің шығармалары **тұрмыстық жанрға** тиісті болып есептеледі (9-сурет).

Бір тарихи оқиға немесе тарихи тұлғалардың суретіне тиісті бейнелеу өнерінің шығармалары **тарихи жанрға** (10-сурет), соғыс, әскери жорықтар суретіне тиісті жұмыстар **батальдық жанрға** (11-сурет), жануарлар суретіне тиісті шығармалар **анималистік жанрға** (12-сурет), сулы пейзаж суретіне тиісті жұмыстар **марунистік жанрға** (13-сурет) жатады.



Мухаммед Нуриддинов

Кескіндемеші суретші, Өзбекстан халық суретшісі. 1948 жылы Наманган қаласында туылған. 1968 жылы Республика суретшілік колледжі, 1976 жылы Репин атындағы Ленинград суретшілік, мүсіншілік және сәулеткерлік институтын аяқтаған. 2003 жылы Өзбекстан Көркемдік Академиясының алтын медалымен марапатталған. Тақырыпты композициялардың шебері, портрет және натюрморт жанрында шығармалар жасаған. Оның «Наманган әуендері», «Ана портреті», «Аман Абдуразақов портреті», «Ескі Себзар» шығармалары танымалды.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Бейнелеу өнерінің қандай түрлері бар? Әрбір түріне түсінік бер.
2. Бейнелеу өнерінің жанрларын атап шық.
3. Бейнелеу өнерінің жанрлары бір-бірінен несімен өзгешеленеді?



Үйге тапсырма:

Атаулар үшін арнайы дәптер ұста және оған тақырып мәтініндегі бөліп көрсетілген сөздерді жазып отыр.



-тақырып

«ҚАУЫН МЕН АНАР» ТАҚЫРЫБЫНДА НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Сүйікті Отанымызда өндірілген дәмді жемістер өзінің әсемділігімен суретшілерді шабыттандырып, оларды натюрморт жасауға қызықтырады (14–17-суреттер).



14-сурет. Янис Салпинкиди.
Анарлы натюрморт.



15-сурет. Вилем Калф.
Натюрморт.



16-сурет. Абиджан Бакиров. Күзгі натюрморт.






17-сурет. Рахим Ахмедов. Натюрморт.

Бүгін сен «Қауын мен анар» деп аталған натюрморт суретін натураға қарап сызасың. Заттардың өзіне қарап сурет сызуды **натурадан сурет жасау** деп атайды.

Жемістер, гүлдер, құс пен жануар тұлыптары, көкөністер, бақша егіндері, оқу құралдары, үй-тұрмыстық бұйымдар, кәсіпке тиісті бұйымдар бейнеленген суреттер **натюрморт** деп аталады.

«Қауын мен анар» тақырыбында натюрморт суретін сызуды екі басқышта іске асырамыз. Бірінші сабақта натюрморт суреті қаламбейнеде жасалса, екінші сабақта кескіндемеде аяқталады.

Жұмысты натураны мұқият бақылаудан баста. Сурет сызу басқыштарына 18-суретте берілген үлгі мысалында талдау жаса.



18-сурет. «Қауын мен анар» тақырыбындағы натюрморт суретін жасау басқыштары.

Бастапқы натурада тұрған заттарды сурет дәптердің бетіне дұрыс орналастырып алуың керек. Натюрморт сызу басқыштарында барлық заттарды біржола бейнелеп бару қажет. Әйтпесе бір дененің өлшемі үлкенірек және екіншісінікі кішілеу болып, бұйымдардың қатынасы, өзара байланысы, сурет композициясы бұзылуы мүмкін. Сондықтан натюрморттағы барлық нәрселердің жалпы биіктігі мен ені қағазға көмекші сызықтармен белгілеп алынады.

Натюрморт жасау барысында, ең алдымен, оның ашып көрсетілу деңгейіне мән беріледі. Көлеңке, жартылай көлеңке, қою көлеңке, жарық жай (блик) және рефлекс бөлініп алынады. Оларды белгілеуде төмендегі жағдайларға көңіл бөл:

1. Нәрселер сыртына ең көп жарық қайтып жатқан жер **жарық жер** деп аталады.

2. Нәрселердің көлеңке бөлігінің ақырынан жарықтың сынып қайтуы **рефлекс** деп аталады.

3. Нәрселердегі көлеңкенің бастауыш бөлігі **жартылай көлеңке**, негізгі бөлігі – **қою көлеңке** деп аталады.

4. Бұйымнан жазықтыққа түсіп жатқан көлеңке **түсуші көлеңке** делінеді.

Реңдермен сурет сызуда алдымен нәрселердің жарық жақтарын ашық реңдерде бояумен бастайсың. Содан соң қауын, анар, қауын тілігіндегі жарық пен көлеңке жерлерін сәйкес реңдермен бөліп аласың. Бояу шағында ең алдымен негізгі нәрселерге, ал одан соң майда бөлшектерге көбірек көңіл бөл.

Натурадан сурет жасау кезінде төмендегі ережелерге мән беру керек:

– әрқашан сызып жатқан бұйымдар мен сурет дәптеріңдегі суретті салыстырып отыр;

– бастапқыда ірі көлемді, кейін майдалау кескіндерді бейнелеуге өт;

– реңдерді таңдағанда тек негізгі реңдерден ғана пайдаланып қалмай, туынды реңдерден де пайдалан;

– санитария-гигиена ережелерін сақтауға, сурет сызу үстінде қағаз бетін резеңкемен көп өшіре бермеуге, бояу жаққышты басып істетпеуге және суды артықша жұмсамауға әдеттен. Натурадан сурет жасауды аяқтағанда, оның реңдерін тағы да бір рет тексеріп көр, қателерін түзет.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Натюрморт» сөзінің мағынасын айтып бер.
2. Натюрморт жанрында шығармашылық жасаған атақты суретшілер мен олардың шығармаларын атап бер.
3. Рең беруде нелерге мән беру керек?
4. Рефлекс, жартылай көлеңке және қою көлеңке деген не?
5. Негізгі реңдерден туынды реңдер қалай өзгешеленеді?



Үйге тапсырмалар:

1. Натюрморттың композициялық шешімін бастапқы сабақта қаламбейнеде, кейінгі сабақта кескіндемеде аяқтап кел.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді жазып отыр.
3. Өзің дербес натюрморт қойылмасын сызуды ойлап көр, мысалы, «Гүлшоғы», «Жемістер», «Асхана бұйымдары» сияқты тақырыптарда.



«ҚАУЫН СЕРУЕНІНДЕ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ


Суретшілер өз бастарынан өткендері, бақыланған оқиға-құбылыстарды ойында қорытып, тұтас бір композиция жасайды (19-сурет). Бұл үшін олар қаламмен, бояумен алғашқы түрдегі **эскиздер**, қаралама суреттер, **этюдтер** жасайды. Содан соң олардың ең дұрысының негізінде суретші ұғымындағы бейнелеу өнерінің шығармасы пайда болады. «Қауын серуені» тақырыбындағы композицияның шешімін ойша елестетіп көр:

1. Қауын мен қарбыздардың қандай сұрыптарын білесің?

2. Қауын мен қарбыз кескінінің бір-бірінен айырмашылығы неде?

3. Олардың реңі қандай түсте болады?

Жұмысты сурет дәптер бетіне жер мен аспан шекарасы – көлденең **көкжиек** сызығын өткізуден





19-сурет. Лев Буре. Қауын қатары.

бастайсың. Сызық дәптер бетінің ортасынан төменіректен жүргізіледі. Сонда біз бейнелеп отырған ата мен немере бейнесі – композиция орталығының түпкі мағынасын ашып көрсетуде жәрдем береді. Адам суретін жасауда оның кеуде бөліктерінің төмендегі қатынастарын сақтауға әрекет ет:

1. Адамның бас бөлігі бүкіл кеуденің жетіден біріне тең.

2. Адамның денесі теңдей 3-ке бөлінеді – желкеден беліне дейін, белден тізеге дейін, тізеден табанға дейін.

Алдын сызбақшы болған адамдардың отырған күйлерін, айнала-ортаны қаралама сызықтар көмегімен жалпы **компановка** етіп аласың. Содан соң майда бөлшектерді жасауға өтесің, мысалы, қостың төбесі, бағандары, көрпешелер, дастарқан, әкелінген түстік, кетпен. Сызған кезде бірінші жоспарда қарбыз-қауын, екінші жоспарда композиция орталығында ата мен немере, үшінші жоспарда дастарқанға түйілген түстік, төртінші жоспарда **перспективада** алыстағы бақша егіндерінің даласы мен ағаштар бейнеленуі керек



20-сурет. «Қауын серуенінде» тақырыбындағы композиция варианттары.

(20-сурет). Алда тұрған нәрселердің ірі – анығырақ, алыстағы нәрселердің майда және көмескі көрінісі бейнелеу өнерінде **перспектива** деп аталады.

Суретте шығарма кейіпкерлерін бастапқыда ашық түсті фонда, содан соң реңдерді бірінің үстіне бірін қойып қою реңмен бейнелеу талап етіледі. Кеуденің арнайы бөлініп көрінуі ойыңды айқындайды, киімдердің қарапайымдылығы, қол-аяқтардың ерекше қалпы композиция мазмұнын ашуға көмектеседі.

Бастапқыда сызып жатқан суретіңнің бірнеше алғашқы түрдегі эскизін сызып көрсең, жұмысың мазмұндырақ шығады. Қаламбейнеде жасап болған соң, кескіндемеде жасауға өтесің. Ең алдымен адам келбеттері, қос, одан соң артқы жақтағы негіз – табиғат көрінісі реңдермен жасалады. Бояумен ашық түстен қою түске өту түрінде жұмыс жүргізіледі. Көлеңке, жартылай көлеңке, қою көлеңке, рефлекс пен туынды реңдерді табуда реңтанушылық ережелеріне сүйеніледі. Алдымен ашық рең түстерін, кейін қою рең түстерін беріп суретті аяқтайсың.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Суретшілер өз шығармаларын қалай жасайды?
2. Бақша егіндерінің даласын қалай елестетесің?
3. Горизонт (көкжиек) сызығы деген не?
4. «Компановка» дегенді қалай түсінесің?
5. Алғашқы түрдегі және қаралама суреттер неліктен сызылады?



Үйге тапсырмалар:

1. Бірінші сабақта «Қауын серуенінде» тақырыпты композицияның қаламбейнедегі күйін аяқтап келу.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді жазып ал.

«БИШІ» МҮСІНІН ЖАСАУ

Бишілер тек би туралы емес, сондай-ақ орындаушының елі, ұлтының арман-тілектері, тарихы, әдет-ғұрыптары туралы майысқыш әрекеттер, ым-ишаралар арқылы мәліметтер береді.

Өзбек, қытай, үнді, араб билері бір-бірінен бишілердің киген киімдері, әшекейлері және өзіне тән би әрекеттерімен өзгешеленеді. «Тановар» биінде ферғаналықтарға тән байсалдылық және салмақтылық көрсетілсе, «Лазгиде» хорезмдіктердің қызуы, сұрхан, қарақалпақ билерінде алқаптықтардың көңілді, ойнақы, шаттану әрекеттері толық көрініс табады.

Өзбек халқының Тамараханум, Мүкәрама Тұрғынбаева, Қызлархан Досмұхамедова, Малика Ахмедова, Мамура Эргашева, Рушана Сұлтанова сияқты атақты бишілері еліміздің даңқын әлемге танытты.



21-сурет. Бахадыр Жалалов. «Бидің дүниеге келуі» қабырға суреті.

Билердің классикалық, балет, ұлттық би, эстрадалық би, вальс, танго және басқа көптеген түрлері бар.

Өзбекстандық суретшілер би өнері мен бишілерге тиісті көптеген бейнелеу өнері шығармаларын жасаған. Өзбекстан халық суретшісі Бахадыр Жалаловтың Мүкәрама Тұрғынбаеваны еске алуға арналған «Бидің дүниеге келуі» қабырға суреті (21-сурет), Өзбекстан халық суретші Шыңғыс Ахмаровтың «Би» (22-сурет), «Қызлархан Досмұхамедова портреті», Сардар Хасановтың «Биші» шығармалары осылардың қатарында.

Бүгін сен ұлттық биге билеп жатқан биші мүсінін жасауда, ең алдымен, ойындағы образдың алғашқы



22-сурет. Шыңғыс Ахмаров. Би.



23-сурет. Сардар Хасанов. Биші.

түрдегі эскизін қағазға сызып көресің. Онда бишінің би билеген шағындағы қол, аяқ, бас әрекеттеріне ерекше мән беріледі. Қаралама эскиз негізінде лай немесе пластилиннен биші мүсінін жасауға өтесің. Мүсіншілікке өте қызыққан оқушылар мүсінді тартымдырақ болуы, қимыл пластикасын көбірек көрсету үшін тақта немесе жұмсақ сымнан қаңқа жасап алуы мүмкін (24-сурет).

Алдымен пластилинді сығымдап кесек бөліктерге (зуалаларға) бөліп аласың. Олардан мүсін денесі, басы, қолы және аяқтары үшін жеке-жеке бөлектер ажыратып алып, содан соң оларды біріктіріп шығасың.



24-сурет. Шахло Юсупова. «Биші» мүсінін жасау басқыштары.

Мүсін жасау барысында адам кеудесі бөліктерінің өзара қатынастары – **пропорцияларын** сақтау керек.

Дәл осы әдіспен «Музыка аспабында ойнаушылар» мүсінін жасауың мүмкін. Мүсіншілік пышағы – ағаш **стектерден** пайдаланғанда тазалық пен ықтияттылық сақталу керек.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Неліктен адамдар би билейді?
2. Билер не үшін бір-бірінен өзгешеленеді?
3. Өзбек билерінің аттарын атап бер.
4. Атақты өзбек бишілерінен кімдерді білесің?
5. Мүсін жасауда нелерге мән беру керек?
6. Мүсін жасаудың басқыштарын айтып бер.



Үйге тапсырма:

1. «Биші жігіт» немесе «Музыка орындаушы» мүсінін дербес жасап кел.
2. Атақты бишілердің аты мен әкесінің атын және тақырыпта бөліп көрсетілген сөздерді атаулар дәптеріне жаз.



5 -тақырып

«КҮЗГІ ГҮЛДЕР» ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ СЫЗУ

Өлкемізде күз өзгеше әсемдікке ие болады. Ағаштардың жапырақтары сарғыш, қызғыш, сарғалдақ, қоңыр түсті реңдерде өте әдемі көрініс жасайды. Күздің айнымалы ауасы – ауламыздағы ғажайып түрдегі гүлдерге өз әсерін тигізе алмайды. Раушангүл, қалампыргүл, гүлтәжіқораз, сарыгүл, райхан сияқты гүлдер айналаға өз иісін аңқытып тұр.




25-сурет. Раушангүл натюрмортын сызу басқыштары.

Сен де сол гүлдерден ғажайып натюрморт жасауың мүмкін (25-сурет). Оны «Күзгі гүлдер» деп атаймыз.

Ең алдымен, өзіңе ұнайтын 2–3 ақ, сары, қызыл гүлдерден кесіп алып, сулы гүлсауытқа сал. Гүл таңдағанда өз жағдайыңа қара. Гүлсауыт жанына күзгі жемістерден – алма, алмұрт немесе беһе қоюың мүмкін.

Жемістер бірінші жоспар, гүлшоғы екінші жоспарда болады. Артқы фон үшін матаны таңдауда реңіне мән бер. Сызудан алдын Янис Салпинкидидің «Гүлтәжіқораз» атты натюрморттына мұқият бақылау жаса (26-сурет). Суретші жұмысын натурада қойылған гүлшоғымен салыстыр:

1. Суреттен бірінші және



26-сурет. Янис Салпинкиди. «Гүлтәжіқораз» натюрмортты.

екінші жоспардағы нәрселерді анықта.

2. Шығармада қандай гүлдер көрсетілген?

3. Суретте артқы фон неліктен қоюлау алынған?

4. Не үшін суретте дастарқан ашық реңде берілген?

Жұмысты натурадағы нәрселерді қағаз бетіне дұрыс жайғастырып алудан баста. Егер гүл салынған гүлсауыттың бойы биік болса, натура қағазға **тік** күйде, төменірек болса, **көлденең** күйде орналастырылады.

Бастапқыда натураға алғашқы түрдегі эскиз бен қаралама суреттер сызылады. Негізгі жұмыстан алдын жасалған мұндай жаттығулар аз қате жіберуге жәрдем береді.

Суретте бірінші жоспарда жемістер, екінші жоспарда гүлсауыттағы гүлдер, үшінші жоспарда артқы фондағы мата бейнеленеді. Натурадан сурет сызуда бұйымдардың жеке бөлшектерін сызудың жалпы көрінісін жасауға, жалпылықтан жеке бөліктерін жасауға өту ережесін сақта. Мысалы, гүлді жасауға беріліп кетіп, қалған бөлігіне мән берілмей қалса, суретіміздегі бұйымдар немесе нәрселер көрінісі бір-біріне сәйкессіз болып қалуы мүмкін. Бояудан алдын қағазды сумен ылғалдап алу керек. Сонда жағылған бояулар қағазға тегіс жайылады. Натурадағы ашық жерлер боялмай ақ күйінде қалдырылады. Ашық реңнің үстінен тағы да ашықтау және қоюлау реңдер беру мүмкін. Бір рең екінші реңге айналып жатқан жерде, әлі олар толық құрғамай жатып үстіне басқа рең қою керек. Біртіндеп бояулар жайылып орналасып қалады. Солайша басқа қажетті реңдер беріліп келеді. Бояуда рең түстеріне, жарық жайға, көлеңкелерге, рефлекске және фонға мән беру керек.



Өтілген тақырыптарды пысықтау үшін сұрақтар:

1. Күз мезгілі басқа мезгілдерден несімен өзгешеленеді?
2. Күзгі гүлдердің аттарын айтып бер.
3. Сурет сызуда қарапайымнан жалпыға, жалпыдан қарапайымға өту ережесін түсіндіріп бер.



Үйге тапсырма:

1. «Күзгі гүлдер» натюрмортын кескіндемеде аяқтап кел.
2. Күзгі жапырақтардан шөпкеппе әзірле.

1-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

I. Теориялық біліміңді пысықта.

1. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын айтып бер.
2. Натурадан сурет сызу деген не?
3. «Компоновка» деп нені айтады?
4. «Перспектива» деген не?
5. «Бюст» деген не?

II. Тапқырлығыңды сынап көр.

1. **Бейнелеу өнерінің түрлері қай қатарда дұрыс берілген?**
 - A) графика, мүсіншілік, құмырашылық;
 - B) мүсіншілік, кескіндеме, зергерлік;
 - C) кескіндеме, графика, мүсіншілік;
 - D) кескіндеме, нақышкерлік, ағаш оймакерлігі.
2. **Бейнелеу өнері жанрлары қай қатарда берілген?**
 - A) Пейзаж, акварель, бояу жаққыш, гуашь, нақыш, батальдық;
 - B) нақышкерлік, марунистік, анималистік, мыскерлік, тұрмыстық, портрет;
 - C) натюрморт, тарихи, палитра, акварель, пейзаж, портрет;
 - D) портрет, пейзаж, натюрморт, тұрмыстық, тарихи, анималистік.



«ҚҰСТАР» ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ СЫЗУ

Табиғатта құстардың түрлері өте көп. Олардың тіршілік етуі әр түрлі болғандықтан, олардың бір-бірінен өзара айырмашылығы бар. Мысалы, бүркіттер тау шыңдарында, лашын дала мен шөлдерде, шағала теңізде, өзен жағаларында жасайды. Аттары әр түрлі болса да, құйрығы, қанаттары, тұмсығы, аяқ ұштары және басқа ұқсастықтарынан оларды құстар деп атаймыз (27–30-суреттер).

Өлкемізде құстардың тауыс, дегелек, тырна, қарға, сауысқан, қарлығаш, орман кептері, шымшық, бөдене, қараторғай, бұлбұл, қырғауыл сияқты түрлері бар.

Құстардың суретін сызуға кірісуден алдын төмендегі сұрақтарға жауап табуға әрекет етіп көр.

1. Сен құстардың қандай түрлерін білесің?
2. Адамдар неліктен үйлерінде құстарды бағады?
3. Құстардың реңі, сыртқы көрінісі қандай?

Құстардан тау құсы – құр өзінің тартымды шырайы және әдемі сыртқы көрінісімен басқа құстардан өзгешеленеді.

Құрдың суретін сызудан алдын құстың бас бөлігінен құйрығының ұшына дейінгі аралықты 31-суреттегі үлгі сияқты дұрыс сызық көмегімен белгілеп аласың. Көмекші сызықтармен құстың басы, денесі және құйрық бөлігін белгілейсің. Енді басқыштар бойынша құстың бас бөлігі, қанаты, құйрығы және аяқтарының кескінін сызып аяқтайсың. Сурет дәптерге құрдың жалпы көрінісін қаламбейнеде сызып болған соң,



27-сурет. Құстар.




28-сурет. Акварельмен құстардың суретін сызу техникасы.



29-сурет. Аркадий Рилов.
Көгілдір жазықтықтар.



30-сурет. Жора Усманов.
Құстар тілі.



31-сурет. Құр суретін сызу басқыштары.

бояулармен бояуға өтесің. Бастапқыда ашық рең түстері, содан соң қою рең түстері – жарық, көлеңке жер, рефлекс сияқты элементтерге назар аударған күйде жайлап жағылады. Содан соң артқы фон, яғни айналадағы табиғат көрінісі бейнеленсе, сурет мазмұнды болады.

Кейбір оқушылар өз қалаулары бойынша басқа құстардың суретін сызуы да мүмкін.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Құстар бір-бірінен несімен өзгешеленеді?
2. Өзің білген құс аттарын айт.
3. Құстар басқа жануарлардан несімен өзгешеленеді?



Үйге тапсырма:

1. Құрдың суретін кескіндемеде аяқта.
2. Атаулар дәптеріне өзің білген құстардың атын жаз.

ТІК ТӨРТБҰРЫШ КЕСКІНІНДЕ НАҚЫШ СЫЗУ

Нақыш – қолданбалы безендіру өнерінің ең көп тараған түрлерінен бірі. **Халық қолданбалы безендіру өнері** дегенде, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жасаған және ұстаздарымыз бүгін де жалғастырып келе жатқан ұлттық қолөнершілік бұйымдары мен қолданбалы өнер шығармаларын түсінеміз.

Алуан түрлі нақыштар қолданбалы өнердің негізін құрап, олар үш түрге: **ислими**, **гирих** және **күрделі нақыштарға** бөлінеді.

Ислими нақышы. Қисық сызықты өсімдіктәріздес кескінді элементтерден құралған нақыш ислими нақыштар – **айгүл, жапырақ, бұтақ, бофта, шырмауық, марғұла** сияқты нақыш элементтерінен көркемдеп (стилистикалық жолмен) жасалады (32-а сурет). Мұнда нақыштар өсімдіктер, олардың гүлдері, жапырақтар, бұтақтар, құстар, жануарлардың бейнелерін стильдеу арқылы нақыш элементтерін жасайды.

Гирих нақышы. Түзу сызықты геометриялық кескіндер – үшбұ-



а



ә

32-сурет. Ислими (а) және гирих (ә) нақыш үлгілері.


рыш, төртбұрыш, бесбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш сияқты кескіндерден құралған нақыш. Бұл нақыштар сылақшылықта, ағаш оймакерлігінде көп қолданылады (32-ә сурет).

Күрделі нақыш. Ислими және гирих нақыштарынан аралас түрде түзілген нақыш күрделі нақыш дейіледі (33-сурет).

Тік төртбұрышты нақыш ойылған ағаш қақпа, есік, баған, сыланған ағаш панно, кілем, сюзана, суретті тұс кілем, құты және сандықтарды көп көргенсің. Бұл бұйымдардағы нақыштар төртбұрыш негізінде жасалған болса да, нақыш элементтерінің түзілісі мен орналасуы, әзірленуі жағынан бір-






33-сурет. Дәліз төбесіне жасалған күрделі нақыш үлгісі.



34-сурет. Тік төртбұрыш ішіндегі нақыш үлгілері.





35-сурет. Тік төртбұрыш кескінінде нақыш жасау басқыштары.

бірінен өзгешеленеді. Бүгінгі сабағымызда тік төртбұрыш кескінінде нақыш сызамыз. Алдын бойы 7 см, ені 12 см өлшемдегі тік төртбұрыш кескінін сурет дәптерге орналастырып аласың. Содан соң орталықтан **көлденең** және **тік** түзу сызықтар жүргізіп, төртбұрышты теңдей төрт бөліктерге бөліп аласың. Жұмыстың кейінгі басқышында төртбұрыштың бұрыштары түзу сызықпен біріктіріледі. Тік төртбұрыштың орталығынан 7 см өлшемдегі шеңбер сызып алынады. Пайда болған сызықтарға шамалап басқыштар бойынша жапырақ, мақта, бұтақ элементтерінен нақыш композициясы жасалынады. Нақыш композициясы қаламмен жасалып алынған соң, оған рең беруге өтуің мүмкін. Бұл үдерісте жылы

және суық реңдер контрастынан дұрыс пайдалануға әрекет ет. Әдетте, майда элементтер, мәселен, композиция орталығындағы мақта мен жапырақ элементтері жылы реңдерге боялады.

Үлгідегі нақыш композициясы симметрияға негізделген, яғни композицияның төрттен бір бөлігі симметриялық түрде қайталанатын. Нақыш сызуды бастаудан алдын үлгідегі (33–34-суреттер) нақыштарды мұқият бақыла.

Кейін басқыштар бойынша нақыштың басқа элементтеріне рең беріледі. Соңғы басқышта гүл мен жапырақтарға өң беріліп қорытындалады.

Дәптерді таза ұстау керектігін есінде сақта.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қолданбалы безендіру өнерінің түрлерін айтып бер.
2. Қандай нақыш түрлерін білесің?
3. Нақышпен безендірілген тік төртбұрыш кескініндегі қандай бұйымдарды білесің?
4. Нақыш орталығы қалай анықталады?



Үйге тапсырмалар:

1. Тік төртбұрыш кескініндегі нақышты реңмен аяқтап кел.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді жазып қой.

II ТОҚСАН

8 -тақырып

«ӨЗБЕКСТАН СӘУЛЕТКЕРЛІК ЕСКЕРТКІШТЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӘҢГІМЕ

Сүйікті Өзбекстанымыз көне және тарихи сәулеткерлік ескерткіштеріне бай ел болып есептеледі (36–37-суреттер). Самарқант, Бұхара, Хиуа, Ташкент, Шахрисабз, Қоқан сияқты қалалардағы сәулеткерлік көне ескерткіштер өзінің мәртебелі сәулеті, нақышты әшекейлері, көркем жетілгендігімен әлем халқын таң қалдырып келеді. Бұл, сондай-ақ, бабаларымыздың сәулеткерлік және қолданбалы өнер саласында жоғары ақыл-зеректік, көркем қабілет иесі болғандығын білдіреді. Кесене мен медреселер, мешіт пен мұнаралар, базар мен керуенсарайлардағы сауда орындары жалпы қала кешенін құраған.




36-сурет. Самарқант. Регистан ансамблі.




37-сурет. Бұхара. Минораи Калон.

«Сәулеткерлік», яғни **«архитектура»** грекше сөз, «құру», «жасампаздық» деген мағыналарды білдіреді. Құрылыс дегенде сәулеткердің жобасы мен сызбаларында, материалдарда көрсетілген пікірін құрушылардың іске асыруы түсініледі. Ғимарат немесе құрылымның әдемілігі, көркемділігі оның композициялық құрылысына, ішкі және сыртқы көркемдік жақтарының табиғи байланыстылығына, әшекейлерден шебер пайдалануға байланысты.

Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан сәулеткерлігі жедел қарқынмен дамыды. Заманалық ғимараттармен бірге шығыстық әдістегі сәулеткерлік құрылымдар орнатылды. Ташкент қаласындағы Ташкент Ислам уни-



38-сурет. Хазрати Имам кешені.



39-сурет. Имам әл-Бұхари кесенесі.

верситеті, Хазрати Имам, Самарқант облысы Шелек қыстағындағы Имам әл-Бұхари кешені осылардың қатарында болып табылады (38–39-суреттер).

Самарқанттың Регистан алаңындағы Шердар, Тиллакори және Ұлықбек медреселері, Бибіханым медресесі, Шахи Зинда және Гөр Әмір кесенелері, Бұхара қаласындағы Исмайыл Самани кесенесі, Калон Мешіті, Мирараб медресесі, Минораи Калон, Бұхара аркасы, Ситораи Мохи Хоса, Хиуа қаласындағы Ишан бекінісі, Пахлаван Махмуд медресесі, Шахрисабз қаласындағы Көккүмбез мешіті, Шайх Кулол кесенесі, Ақсарай, Қоқан қаласындағы Худаярхан ордасы, Ташкент қаласындағы Көкелтеш, Абул Қасым, Хазрати Имам медреселері сияқты тарихи көне ескерткіштер әлемге әйгілі. Бұл ескерткіштердің сырттары тартымды нілді күйдірілген жылтыр кірпіштермен безендірілген. Сондықтан ғасырлар бойы өзінің жылтыры мен мәртебесін сақтап келеді.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбекстандағы сәулеткерлік ескерткіштер негізінен қай қалаларда орналасқан?
2. Ең танымалды тарихи көне ескерткіштердің атын айтып бер.



Үйге тапсырма:

Атаулар дәптеріне еліміздегі тарихи қалалар, танымалды сәулеткерлік ескерткіштердің аттарын және бөліп көрсетілген сөздерді жазып ал.

«ҚОНАҚТАР СӘУЛЕТКЕРЛІК ЕСКЕРТКІШТЕР АЛДЫНДА» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ


Сәулеткерлік өнері де басқа өнер түрлері секілді адамның көңіл күйін белгілейді, оның рухына, жұмыс қабілетіне, пікірлеуіне, көзқарасына әсер етеді. Бұл жағдайды бізге дейін сақталып келген түрлі дәуірлерге тиісті сәулеткерлік ескерткіштерді тікелей алдынан (натурадан) немесе суретін тамашалап байқаймыз. Ғимараттардағы сәулет, ұлылық, сәнділік және нақышты әшекейлер сенде табиғатқа, туған елге, шығармашы халқымыздың өнерпаз еңбегіне қатысты мақтаныш сезімін оятады. Мысалы, Самарқанттағы Шердар медресесі, Бұхарадағы Исмайыл Самани медресесі, Хиуадағы Ишан бекінісі сияқты кешендердің біреуін тікелей немесе фоторепродукциясын бақылау арқылы бұған көз жеткізесің. Егер сен жасайтын қалада немесе қыстақта соған ұқсас тарихи көне ескерткіш болса, олардың кескіні, әшекейлерін еске түсіруге әрекет жасап көр.

Еліміздің сәулеткерлігі әлем өнеріне де өз ықпалын тигізген. Мысалы, Үндістанның Агра қаласында құрылған Тәжмахал кесенесін отандасымыз Захириддин Мұхаммед Бабыр ұрпақтары құрған (40-сурет). Бұл кесененің сыртқы және ішкі құрылысы, мұнара мен күмбездеріндегі нәзік нақыштар Самарқант және Бұхарадағы ескерткіштерге ұқсап кетеді.

«Қонақтар сәулеткерлік ескерткіштер алдында»



40-сурет. Үндістан. Тәжмахал кесенесі.



41-сурет. Қонақтар сәулеткерлік ескерткіш алдында.

тақырыбында композиция жасауда жоғарыда ескерілген ескерткіштерден бірінің суретін негізгі объект етіп алуың мүмкін (41-сурет).

Тақырыпқа тиісті композиция жасағанда, ең алдымен, әдеттегідей, қағаз бетінен **көкжиек сызығы** жүргізіліп, аспан мен ғимараттар орналасқан шекара бөлініп алынады. Содан соң ескерткіштің жалпы көрінісі қағаз бетіне компоновка жасалып орналастырылады. Мұнда бірінші жоспар, екінші жоспар, үшінші жоспар ережесі сақталады. Бөтен елден келген саяхатшылар әр түрлі ұлт өкілдерінен болады. Соған орай, олардың киімдері де түрліше болады. Мысалы, ағылшын немесе араб, неміс немесе үнділердің сыртқы көрінісі, киімдерінің реңі, кескіні, пішімі, әшекейлерімен бір-бірінен өзгешеленеді.

Сурет сызғанда сәулеткерлік ескерткіштің шығыстық кескіні айнала-ортаның өзара үйлесімділігі, нақыш әшекейлерінің ғимаратқа сәйкес келгендігі, адамдар көрінісінің алдындағы қатынастары ескеріледі.

Көлеңке, жартылай көлеңке, қою көлеңке, рефлекс, перспектива элементтері дұрыс орындалса, сурет нанымдырақ, мазмұндырақ шығады. Композицияны қаламбейнемен жасап болған соң, кескіндемеде аяқтайсың.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Еліміз сәулеткерлігінің әлем сәулеткерлік өнеріне ықпалын айтып бер.
2. Шет елдік саяхатшылар неліктен көне қалаларымызды тамашалауға қызығады?



Үйге тапсырма:

1. «Қонақтар сәулеткерлік ескерткіштер алдында» композициясын кескіндемеде аяқтау.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді жазып қою.
3. Көне қалаларға тиісті суреттер мен фотопродукцияларды жинақтап отыру.

10 - тақырып

«ШОПАН БАЛА» ТАҚЫРЫБЫНДА МҮСІН ЖАСАУ

Маңдайын қызғыш орамалмен таңып алған, көзқарастары өткір, ақ жағасыз көйлек киген шопан бала ата-бабасынан мұра болып қалған таяғына сүйенген, ойлы қарап тұрған қалпы жомарт, батыр, кез келген табиғат сынауларын жеңе алатын адам екендігін білдіреді.

Рахим Ахмедовтың «Шопан бала» суретінде суретші әрі қиын, әрі абыройлы кәсіп иесі – жас шопанның ішкі және сыртқы рухи дүниесін айқын бояулармен көрсетіп берген (42-сурет). Сондай-ақ,



42-сурет. *Рахим Ахмедов.*
«Шопан бала».




43-сурет. *Фахриддин Тахиров.*
«Табын».

Немат Қозыбаев, Ғафур Абдурахманов, Зухриддин Исламшиков, Фахриддин Тахиров (43-сурет) және басқа да суретшілердің шопандар өміріне тиісті болған шығармалары да бар.

Енді назарыңызды мүсінші Түркпен Есеновтың «Шопан бала» мүсініне аударамыз (44-сурет). Онда өз малын жайлауға айдап кетіп бара жатқан бала образы бейнеленген. Мүсінде бұзауын тастап кетуге көзі қимай аяңдап бара жатқан сиыр мен малын тез үйірге қосуға асығып бара жатқан бала көрінісі шеберлікпен жасалған.

Түркпен Есеновтың



44-сурет. *Түркпен Есенов.* «Шопан бала» мүсіні.

Сен берілген репродукцияларды ықыласпен бақыла және ойлап көр, қиялыңды іске қос. «Шопан бала» тақырыбында мүсін жасау үшін варианттар туралы ойла.

Мүсінді жасаудан алдын жоғарыда бейнеленген шығармалардағы шопан образын, оның характерлі күйін, үстіндегі киімдерін еске ал. Солар негізінде өз ұғымыңдағы образды дербес жасайсың. Ендеше, композиция варианттарын ойлап көрелік:

1. Шопан баланың ойлы отырған күйі.
2. Шопан бала атта отарын бақылап тұр.
3. Сыбызғы тартып жатқан шопан бала.
4. Таяғына сүйенген бала.

Сен осы варианттардан өзіңе ұнағанын таңдап, дәптеріңе дербес түрде мүсіннің қаралама суретін сыз.

Эскиз мақұл болған соң, лай немесе пластилиннен басқыштар бойынша мүсін жасауға өтесің. Мүсін жасауда адам кеудесі бөліктерінің қатынастарына көңіл бөл және соған сәйкес түрде лай бөлектерін бөліп ал. Жасап жатқанда шопан образына қосымша түрде бөрібасар ит немесе ат мүсінін қосқан күйде композиция жасасаң, жұмысың мазмұндырақ шығады. Композицияны екі адам болып жасауға да болады.

Жұмысты шопан баланың дене мүшелеріне бастапқы өңдеу берілген соң, оларды бір-біріне біріктіресің. Үлгіде көрсетілгеніндей (45-сурет), мүсінді басқыштар бойынша негізгі күйін бейнелеуге әрекет жаса.



45-сурет. *Шахло Юсупова.* Шопан бала мүсінін жасау басқыштары.

Мүсіннің дене мүшелерін біріктірген соң, оның майда бөлшектерін жасауыңа болады. Жұмыс барысында мүсіншіліктің негізгі ережесі – шопан бала тұлғасының тірек нүктесін дұрыс бейнелеуге әрекет ет.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Кескіндемеде жайлау көрінісі қалай бейнеленген?
2. Рахим Ахмедовтың «Шопан бала» шығармасына сипаттама жаса.
3. Мүсінші Т.Есеновтың «Шопан бала» мүсінінде қандай шындық бейнеленген?



Үйге тапсырма:


«Шопан бала» мүсінін өз бетіңше жалғастырып, аяқтап кел.

11 -тақырып

КВАДРАТ КЕСКІНІНДЕ НАҚЫШ ЖАСАУ

Адам ежелден өзі пайдаланатын үй-тұрмыстық бұйымдарын, жасайтын жерін көркем де әдемі нақыштармен безендіріп жасауға үйренген. Ал бұл қолданбалы безендіру өнерінің ағаш оймакерлігі, нақыштық, сылақшылық сияқты түрлерінің өркендей түсуіне себеп болған.

Өзбек ағаш оймакерлік және нақыш шеберлері Артық Файзуллаев, Яқубжан Рауфов, Таир Тохтақожаев, Жалил Хакимов, Анвар Илхамов, Ғаны Каримовтардың сәулеткерлік құрылымдары ішкі бөлігінің қабырғалары мен төбелеріне, үстел мен орындықтарға, ағаш көзелерге жасалған нақыштары нәзіктігі, жұқалығы және әдемілігімен өзбек қолданбалы безендіру өнерінің маржандары болып есептеледі (46–47-суреттер).







46-сурет. Ағаш оймакерлігімен безендірілген есік пен құты.



47-сурет. Ғимараттың ішкі бөліміндегі нақыш.

Квадрат кескінінде нақыш жасау үшін қабырғалары 8 см-ден болған квадрат сызып ал. Оны 7-тақырыпта көрсетілгендей теңдей төрт бөлікке бөліп алып, әрбір бөлікке жапырақ элементін, ал ортасына диаметрі 4 см шеңбер ішіне сегіз бөлікті айгүл сызасың. Айгүлдің төрт жағынан шырмауық тәріздес бұтақ элементін сызып аласың. Олардың біріккен нақыш элементері орталықтан бірдей қашықтықта симметриялық түрде орналасуына әрекет жаса.

Үлгідегі нақышта квадрат ішіне тек ислими нақыш элементтері жасалған (48-сурет). Сен өз жұмысыңда



48-сурет. Низомиддин Турсуналиев. Квадрат ішінде нақыш жасау басқыштары.

аралас нақыш сызуың да мүмкін. Пайда болған кескінге кез келген нақыш элементтері сызылады. Барлық сызу жұмыстары аяқталған соң, артықша сызықтар өшіріледі және реңмен бояуға өтіледі. Үлгіде көрсетілген нақышта гүл элементтері жылы, ал фон реңдері суық реңдермен берілген. Сен өз нақыш композицияңда реңдердің басым гаммасын сақтаған күйде контраст реңдерден орынды пайдалануға әрекет жаса.



Артық Файзуллаев

Өзбекстан халық суретшісі, Өзбекстан Көркемдік академиясының академигі, Өзбекстан Көркемдік академиясының алтын медаль жүлдегері. 1933 жылы Ташкент қаласында туылған. Бенков атындағы Республикалық Суретшілік оқу орнын және Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік Педагогикалық институтының Сурет және сызу бөлімін бітірген. Ол – ағаш және сүйек оймакерлігі бойынша танымалды шебер. Шығармалары Науаи атындағы Әдебиет мұражайында, Өзбекстан қонақүйінде, Науаи атындағы өнер сарайында, сондай-ақ бірнеше шет елдерде де бар.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Квадрат және тік төртбұрыштың айырмашылығын айт.
2. Нақыштар қандай мақсатпен жасалады?
3. Нақыштарды бояуда қандай реңдерден пайдаланылады?
4. Атақты өзбек ағаш оймакерлері, нақыштары жөнінде не білесің?




Үйге тапсырмалар:

1. Квадрат кескініндегі нақышты реңмен аяқтап кел.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді, атақты өзбек шеберлерінің аттарын жазып кел.

«СПОРТ ОЙЫНДАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Мемлекетімізде балалар спортын дамыту бойынша үлкен жұмыстар іске асырылып жатыр. Үкіметіміз, әсіресе, Президентіміз спортқа, оның ішінде, балалар спортына ерекше назар аударып отыр. Тәуелсіздік жылдарында мемлекетімізде спорттың дамуы нәтижесінде көптеген олимпиада, әлем және Азия чемпиондары жетіліп шықты. Халықаралық спорт сайыстарының жеңімпаздары еліміз жалауын әлем спорты алаңдарында ең жоғары сатыға көтерді.

Мемлекетімізде үш басқышты «Umid nihollari», «Barkamol avlod», «Универсиада» жарыстары үздіксіз өткізіліп келеді. Ұлттық күресімізді әлем халқы Халықаралық спорт түрі деп тән алды.




49-сурет. Спорт жарыстарынан көріністер.

«Спорт ойындары» тақырыбында сурет жасаудан алдын өзіңе ұнаған бір спорт жарысын көз алдыңа келтір (49-сурет). Содан соң ойындағы эпизодтық кәйді қаралама сурет түрінде қағазға жасап көр. «Күрес алаңында», «Жас футболшылар», «Гимнастикашы қыз», «Веложарыс», «Ринг», «Балуан боламын», «Қақпашы», «Жас теннисші», «Қылышпаздар» (50-сурет) сияқты варианттардан біреуін таңдауың мүмкін.

Композиция жасауда алдын спортқа тиісті фотоматериалдармен танысып алсаң композицияға тақырып таңдауың оңай болады.

Жұмысты суретті қағаз бетінде дұрыс орналастырумен баста. Дәптерде кеуденің негізгі әрекетін белгілеуің, оны суретте бейнелеу тәртібін анықтап



50-сурет. Қылышпаз әрекеттері суретінің қараламасы.

алуың керек. Күрес тақырыбында екі күресшінің бел ұстасып жатқаны, футбол тақырыбында бір футболшының екіншісін алдап өтіп жатқаны немесе допты қарсы қақпа жаққа теуіп жатқаны, бір боксшының екіншісіне соққы беріп жатқаны, велоспортшының табандылықпен алға ұмтылып жатқанын бейнелеуің мүмкін.

Сурет жасауда адамдар келбетін толық көрсетуге көп мән беру шарт емес. Ең негізі, сурет мазмұны мен тақырыбын, спортшының әрекетін көрсетіп беру болып табылады.

Адам бейнесін жасағанда жарыс барысындағы қол, аяқ, бас және дененің характерлі қалыптарын еске ал. Бұл қалыптар табылса ойын кезіндегі қарқын мен тартымдылық суретіңде толық көрінеді. Жарыс өтіп жатқан алаң (стадион, корт, ринг, кілем), айналадағы көрермен, әрекеттегі адам фигуралары перспектива ережелеріне негізделіп жасалады. Композиция бірінші сабақта қаламбейнеде жасалып болған соң, екінші сабақта кескіндемеде істеледі. Рең беруді ірі бөлектерден бастап, содан соң майда бөлек пен бөлекшелерге өтіледі. Алдын ашық рең түстері, содан соң қою реңдер беріледі. Рең перспективасына қарай жақындағы нәрселер айқынырақ, анығырақ, арттағы нәрселер біраз көмескілеу етіп жасалады.

Композициянда спорттық киімдеріне де мән бер. Ойыншылардың киімінің реңі қарсыластардікінен өзгешеленуі керек.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбекстандық олимпиада және әлем чемпиондарынан кімдерді білесің?



2. Спорт сайыстарында ұжымдар не үшін екі түрлі киімде алаңға шығады?
3. Жарыс кезінде кеуденің характерлі күйлері қалай өзгеріп тұрады?



Үйге тапсырма:

«Спорт ойындары» тақырыбындағы композицияны бірінші сабақтан кейін қаламбейнеде, екінші сабақтан кейін кескіндемеде жасап кел.

2-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

I. Теориялық білімдеріңді пысықта.

1. Құстар өзара бір-бірінен қалай өзгешеленеді?
2. Нақыштың қандай түрлері бар?
3. Еліміздегі қандай сәулеткерлік ескерткіштерді білесің?
4. Атақты ағаш оймакері, сылақшы және нақыш шеберлерін айтып бер.

II. Тапқырлығыңды сынап көр.

1. Жылы реңдерді тап.

- A) жасыл, көк, қара; C) көк, қызыл, жасыл;
B) ақ, қара, күлрең; D) сарғалдақ, қызыл, сары.

2. Нақышкерлікке тиісті терминдерді тап.

- A) мүсін, әшекей, бюст; C) кітап, бояу жаққыш, қалам;
B) гирих, композиция; D) бояу, қағаз, палитра.

3. Самарқанттағы көне ескерткіштердің аттарын тап.

- A) Исмайыл Самани кесенесі; C) Шахи Зинда кесенесі;
B) Пахлаван Махмуд кесенесі; D) Калта Минар.

4. Бұхарадағы тарихи құрылым атын тап.

- A) Минараи Калон; C) Ишан бекінісі;
B) Шердар медресесі; D) Шайх Кулол кесенесі.

5. Хиуадағы тарихи көне ескерткіштердің атын тап.

- A) Бибіханым, Шердар медресесі;
B) Топырақорған, Минараи Калон;

- C) Калта Минар, Ишан бекінісі;
- D) Шайх Кулол кесенесі, Көкелтеш медресесі.

6. Үш басқышты спорт ойындарын тап.


- A) күрес, көкпар, қылышпаздық;
- B) көкпар, көркем гимнастика, жарыстыру;
- C) «Умид нихоллари», «Баркамол авлод», «Универсиада»;
- D) «Ташаббус», «Янги авлод», «Умид ғунчалари».

13 - тақырып

«ҚЫС КЕЛДІ» ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ СЫЗУ

Қыстың қарлы күндерінде айналаның бәрі аппақ түске енеді. Ағаштардың бұтақтары мен үйлердің төбесінде қар. Қысты сағынған балалар қарда домалайды, кейбіреулері шанада ұшады, ал біреулері қарбаба жасаумен әуре. Көпшілігі жақ-жақ болып, қар атысып ойнап жүр. Қыс табиғатының өзіне тән көріністері көптеген суретшілерге шығармашылық үшін шабыт береді. Орыс суретшілерінен А.Саврасовтың «Сауысқандар ұшып келді», А.Пластовтың «Бірінші қар», И.Грабардың «Күн сәулелі қыс күні», Ф.Шишкиннің «Қыс», Исаак Левитанның «Март», өзбек суретшілерінен Рахим Ахмедовтың «Ақташта қыс», Мұхамедияр Ташмурадовтың «Гиланда қыс», Жора Асрановтың «Шахимардан. Ақ көйлек», Э.Стрельниковтың «Шығыс қабырғасы» шығармалары көңіл аударарлық (51–55-суреттер).

Суреттер және өзіңнің есте қалғандарың, қиялдарыңның негізінде «Қыс келді» тақырыбында



51-сурет. Рахим Ахмедов.
Ақташта қыс.



52-сурет. Евгений Стрельников.
Шығыс қабырғасы.



53-сурет. Мұхамедияр Ташмуратов.
Гиланда қыс.



54-сурет. Исаак Левитан.
Март.



55-сурет. Жора Асранов. Шахмардан. Ақ көйлек.



56-сурет. Теңдесіңнің жұмысынан үлгі.

тең құрбыларыңнан өрнек алып (56-сурет), дербес композиция жаса. Композицияны жасаудан алдын суретшілердің шығармаларында көрсетілген шынайылықты бақылау негізінде қалыптасқан түсініктеріңе сүйен.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қыс мезгілінің басқа мезгілдерден қандай айырмашылығы бар?
2. Бұл мезгілде табиғат қандай көріністе болады?
3. Қысқы ойындар туралы айтып бер.
4. Қыс күндері қардың реңі неліктен өзгеріп тұрады?
5. Қыс жөнінде білген өлеңдеріңнен айтып бер.



Үйге тапсырма:

1. Сабақта бастаған композицияны үйде аяқтап кел.
2. «Қысқы ойындар» тақырыбында композиция жаса.


ДӨҢГЕЛЕК КЕСКІНІНДЕ НАҚЫШ ЖАСАУ

Дөңгелек ішінде сызылған нақыштардың сызбалық түзілісі мен элементтерінің орналасуы жағынан квадрат нақыштарға ұқсап кетеді. Бейнеленетін негізгі нақыш шеңбер орталығында орналасып, шеті бос қалуы, керісінше дөңгелек шетінде жолақ тәріздес нақыштар болады да орталық бос қалуы немесе оның орталығында да, шеттерінде де нақыштар болуы мүмкін.

Кескіндер де белгілі бір мағынаны білдіреді. Бұрынғы бабаларымыз да дөңгелек ішіндегі нақыш үлгілерін аса шеберлікпен жасаған және оларға түрлі элементтер арқылы санал-уан мағына сыйғызған. Бұл дәстүрлерді замандас оймакерлеріміз де жоғары шеберлікпен жалғастырып отыр (57-сурет).

«Дөңгелек кескінінде нақыш» композициясын жасауда тік төртбұрыш пен квадрат кескінінде нақыш сызуда меңгерген тәжірибеңе сүйен.


Нақыш сызуды дәптердің бетіне диаметрі 9 см шеңбер сызудан бастайсың. Шеңбердің



57-сурет. Дөңгелек кескінінде жасалған нақыш үлгісі.

білік сызықтары оны теңдей төрт бөліктерге бөледі. Сен сызатын нақыш композициясы төрт рет ритмикалық түрде қайтарылады. Нақыш сызуға қызығатын қабілетті балалар шеңберді алты немесе сегіз бөлікке бөліп, біраз күрделірек нақыш композициясын сызуларына болады.

Пайда болған сызбалық кескінге нақыш элементтерінен (жапырақ, бофта, мақта, шырмауық) кезектестіріп сызып, жұмысты қаламмен аяқтайсың. Композиция жасалған соң, артықша сызықтар өшіріледі. Нақыш композициясы жасалып алынған соң, оған рең беруге өтесің. Нақыш басқыштар бойынша боялып



58-сурет. Дөңгелек кескінінде нақыш жасау басқыштары.

аяқталады. Рең беруде төртбұрыш нақыш жасауда көрсетілген ережелер сақталады. Жұмыс барысында 58-суретте көрсетілген басқыштарға сүйен. Нақышты бояу кезінде реңдердің үйлесімділігіне, жылы немесе суық реңдер қатынасына көңіл аудар.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Квадрат, дөңгелек, төртбұрыш кескініндегі нақыштардың айырмашылығы неде?
2. Дөңгелек кескініндегі нақыш қай жерлерде кездеседі?



Үйге тапсырмалар:

1. Дөңгелек кескініндегі нақышты аяқтап келу.
2. Үйлеріңде қолданбалы өнер бұйымдарындағы нақыш үлгілеріне талдау жүргізу.

15 - тақырып

«СЕБЕТ КӨТЕРГЕН ҚЫЗ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ


Халқымыз ежелден нанды қадірлеп келеді. Нандардың оби нан, пәтір нан, жиззаллі нан, лочира нан, шырмайы нан, етті нан, сыйлық нан және басқа көптеген түрлері бар. Тандырдан жаңа шыққан ыстық-ыстық нан және күлшелер көбінесе асханадан үйге себетпен алып келінеді. Сен төмендегі сұрақтарға жауап табуға әрекет ет:

1. Біз себеттен қандай мақсаттарда пайдаланамыз?
2. Өз үйіңнің ауласының көрінісін сипаттап бер.

3. Ауладағы асхана, тандыр, ошақтар, ағаштар және жүзімдіктер қалай орналасқанына шолу жасап бер.

Жоғарыдағы сұрақтарға жауап табуға қиналсаң, базардағы нан сататын қатарларды көз алдыңа келтір, сонда композиция түзуің оңай болады.


Бұл сабақта «Себет көтерген қыз» тақырыбында композиция жасайсың. 59-а суретте себет көтерген қыздың өзі (суретші У. Сулайманов), ал 59-ә суретте қыздың бүйір және артқы жақтарындағы фон бірге (теңдестерің сызған суреттерден үлгі) көрсетілген. Бірінші сабақта артқы фон – ауланың бір бөлігі, асхана, ондағы ошақ-тандырлардың көрінісі салынса, екінші сабақта себет көтеріп келе жатқан қыз бейнесін қосып, тұтас композиция жасайсың. Сен үлгідегі сияқты композиция жасауың шарт емес, қайта басқа тақырыптағы басқа көріністің суретін сызуың мүмкін.




59-сурет. Себет көтерген қыз.

Бізге аян, өзбек-қазақ отбасының ауласын асхана, гүлзар, жүзімдіктер, жеміс ағаштарсыз елестетіп болмайды. Асханалар көбінесе жазғы және қысқы болады. Сурет сызуды бастаудан алдын атақты өзбек суретшілері Павел Бенковтың «Жүзім үзу», «Құрбы қыздар» (60-сурет), Рахим Ахмедовтың «Менің аулам», Абдурахман Юнусовтың «Аула» (61-сурет) тобындағы суреттерімен танысамыз.

Суреттер калоритін, яғни жетекші жалпы реңді күн сәулелі Өзбекстанымызға тән және сай жылы реңдер – сарғыш, алтын түсті, қызғыш, сарғалдақ, оған сәйкес қарама-қарсы суық реңдер – жасыл, көк, көгілдір реңдер құраған. Сен суреттерді бақылағанда, артқы фон, бірінші жоспар, екінші жоспар, композиция орталығын біліп алуға тырыс. Қиялыңдағы елестер негізінде өз аулаң және асхананды ойша елестетіп, суреттің алғашқы түрін және эскиздерді жасайсың.



60-сурет. Павел Бенков.
Құрбылар.



61-сурет. Абдурахман
Юнусов. Аула.

Асханада болуы керек болған – тандыр, ошақтардың өзіне тән кескінін, қатынастарын перспектива ережелерін сақтаған күйде есте қалғанды сызығуға кірісесің. Суретіңе шелек, отын, балта және сол сияқты басқа асхана жабдықтары да қосып салынса, композиция тағы да мазмұндылау шығады.

Егер жазғы асхана суретін салып жатсаң, ауладағы жеміс ағаштары, жүзімдіктердің қалай орналасқанын есіңе түсір. Екінші сабақта себет көтеріп келе жатқан қыз образын бірінші сабақта сызған асхана көрінісі фонында көрсетесің. Сонда бірінші жоспарда ағаш пен жүзімдерді, екінші жоспарда себет көтерген қыз, ал асхананың жалпы көрінісі үшінші жоспарда орналастырылады. Қыздың себет ұстап тұрған қолдарын бүгілген кездегі характерлі қалпы, үстіндегі ұлттық киім, себет пен ондағы нандар басқыштар бойынша қатынастарға сүйеніп сызылады.

Композиция қаламбейнеде жасалып болған соң, реңдермен боялып аяқталады. Рең беруде қыз суреті бадырайып, анығырақ сызылса, артқы фон ашық түсте жасалады. Композицияны кескіндемеде жасалса, негізгі және пайда болған реңдер, контраст рең түстері, жарық жер, көлеңке, жартылай көлеңке, рефлекс сияқты бейнелеу элементтеріне көңіл бөл.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Нан түрлерін айтып бер.
2. Колорит деген не?
3. Үйіңдегі асхана қалай орналасқан?



Үйге тапсырмалар:

1. Бірінші сабақта «Себет көтерген қыз» композициясы қаламбейнеде, екінші сабақта және үйде кескіндемеде толық жасап аяқталады.

2. Атаулар дәптеріне бөлек көрсетілген сөздерді жазып ал.

16 -тақырып

«ТҮЙЕ МЕН БОТА» ТАҚЫРЫБЫНДА МҮСІН ЖАСАУ

Жаңа туылған бұзау, қозы немесе лақты өзгеше мейірмен тамашалаймыз. Сол сияқты, құлыншақ немесе бота да өте әдемі болады.

Жануарларды бейнелеу тақырыбы көне замандарда да, қазір де бейнелеу өнерінің ең қызық жанрларынан бірі болып келген. Ертедегі Мысырдағы Сфинкстардың тастан жасалған үлкен мүсіндері, Самарқанд қаласындағы Шердар медресесі қасбетіне жасалған арыстан мен киік бейнесі, археологиялық қазбалар шағында табылған құмырашылық және зергерлік бұйымдарындағы көріністер де адамдар мен жануарлар арасында байланыстар болғандығын дәлелдейді.

Анималистік жанр мүсіншілікте де кең бейнеледі. Әсіресе, декоративтік мүсіншілікте әр түрлі ойыншықтар көрінісіндегі жануарлар суретіне кең орын берілген (62-сурет). Халық шеберлерінен Ұста Жорақұл, Абдурахим Мұхтаров, Хамробиби Рахимовалардың жұмыстары тек Өзбекстанда ғана емес, сонымен бірге, шет мемлекеттерде де әйгілі. Олардың шығармалары шағын көлемді декоративтік мүсіндер, ысқырықтар болғандығы үшін мүсіншіліктің бұл түрі майда пластика деп те аталады.



62-сурет. *Шахноза Момынова.* Насриддин Афанди.

Майда пластикадан өзгеше қондырғылы мүсіншілікте анималистік жанрда жасалатын шығармалар реалистік әдісте жасалады.

Өзбекстандық мүсіншілер А.Байматовтың «Бота», Т.Есеновтың «Шопан бала» атты мүсіндерін (44-сурет) мұқият бақыласаң, сен бүгінгі сабақта жасауың қажет болған түйе мүсінін бейнелеуің оңай болады.

Түйе мүсінін жасауға кірісуден алдын түйелер жайындағы түсінігіңді өзіне тән образ ретінде көз алдыңа келтіруге тырыс. Түйе мүсінін



Хамробибі Рахимова

1896 жылы Вабкент ауданында дүниеге келген. Дәстүрлі майда кескіндегі сазбалшықтан ойыншықтар жасаушы мүсінші-құмырашы. Оның шығармалары ат, піл, есек, құлыншақ, қозы, қошқар, аңыздағы құс пен жануарлар кескініндегі майда пластика және ысқырықтардан құралған, олардың көрінісінде юмор бар. Хамробибінің шығармалары Париждегі Ливр, Санкт-Петербургтағы Эрмитаж және Италиядағы Әлемдік керамика мұражайларынан орын алған.


жасауда оның өркештеріне мән бер, яғни олар бір және екі өркешті болады (63-сурет).

Көне көріністер, атап айтқанда, Шығыс миниатюраларында да, заманалық миниатюраларда да түйе суретін суретшілер көп қолданған (64-сурет).

Мүсінді жасауға кірісуден алдын оның көрінісін анық елестету үшін қаламмен қағазға қаралама жасап аласың. Онда түйе кеудесінің өзіне тән жақтарын, дене бөліктерінің өзара қатынастарын анықтап аласың. Содан соң оларға сәйкес түрде пластилиннен бөліктер әзірлеп аласың, яғни оның ең үлкен бөлігі – денесін, басын аяқтарын, өркеші мен құйрығын



63-сурет. Түйе.



64-сурет. Түйелер суреті. Сафавилер дәуірінде жасалған миниатюрадан үзінді.



65-сурет. *Шахло Юсупова.* «Түйе мен бота» мүсінін жасау басқыштары.

бөлек-бөлек жасап, содан соң оларды біріктіріп шығасың. Мұны орындауда үлгідегі көріністен шығармашылықпен пайдалануың мүмкін. Мүсін бөліктерін бір-біріне жабыстырып алғаннан кейін оған жалпы өңдеу беріледі.

Онда сен ағаш стек көмегімен артықша жайларын кесіп, қырып алып тастайсың, керісінше, кем жайларын толтырып, бейненің шынайы көрінісін көрсетуге әрекет ет. Егер сен мүсінді үлкенірек өлшемде жасайтын болсаң – жұмсақ сыммен қаңқа жасап ал.





66-сурет. «Киікше» мүсіні.

Мұндай композицияны жасауда 66-суреттегі «Киікше» атты пластилиннен жасалған мүсіншеден шығармашылықпен пайдалануың мүмкін.

Пластилин немесе лаймен жасау үстінде тазалыққа ерекше мән бер.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Майда пластика деген не?
2. Майда пластикадан шығармалар жасаған құмырашылардан кімдерді білесің?



Үйге тапсырмалар:

1. Сыныпта бастаған түйе мүсінін аяқтау.


2. Атаулар дәптеріне бөлек жазылған сөздерді жазып келу.
3. Қабілетті балалар үшін: түйе бейнеленген дербес композиция жасау.

17 -тақырып

«ҰР, ТОҚПАҚ» ЕРТЕГІСІ НЕГІЗІНДЕ ИЛЛЮСТРАЦИЯ ЖАСАУ

Адамзаттың ең ұлы ойлап тапқандарынан бірі — кітап. Көркем суреттермен безендірген кітаптарды көргеніңде өзіне тән құшыр аласың. «Шамшырақ ұстаған мысық» (67-сурет), «Зиёд ботир» атты өзбек халық ертегілеріне суретші Абдуқахар Махкамов ғажап иллюстрациялар жасаған.

Суретші өзі иллюстрация жасап жатқан көркем шығарманың мазмұнымен танысу кезінде, иллюстрация үшін тақырып болатын жақтарын өзіне белгілеп алады. Сол әсерлер негізінде бірнеше вариантта алғашқы түрдегі суреттер сызады. Алғашқы түрдегі сызылған суреттер негізінде әдеби шығарма мазмұнына сай келетін композициялар жасайды. Сол композициялардың ең үйлесімділерін иллюстрацияның қорытынды варианты ретінде қолданады. Сен де ұсынылып жатқан ертегіге иллюстрация жасауды бастаудан алдын оның мазмұнын талқыла. Оқығандарыңды немесе теледидарда көрген мультфильмдерді еске түсіруге әрекет ет.





67-сурет. *Абдуқахар Махкамов.* «Шамшырақ ұстаған мысық» ертегісіне жасалған иллюстрациялар.

Иллюстрацияның қорытынды композициясын жасауда иллюстрацияшы суретшілердің жұмыстарын мұқияттылықпен бақыла (73–74-суреттер).

Бүгінгі сабақта саған «Ұр, тоқпақ» ертегісіне иллюстрация жасау тапсырмасы беріледі. Мұғаліммен кеңескен күйде сен өзіңе мақұл болған басқа ертегілерді таңдауың да мүмкін. Демек, «Ұр, тоқпақ» ертегісіне иллюстрация жасауға кірісуден алдын «Ұр тоқпақ» ертегісінің кейіпкерлерін есіңе түсір. Олардың көрінісін қалай түсіндіре аласың?

Иллюстрация композициясын ойластырғанда жақсылықтың жамандық, жауыздықты жеңетінін есінде сақта.

«Ұр, тоқпақ» ертегісінде кәрі аңшының басынан өткендері әңгімеленеді. Күндердің күнінде кәрі



68-сурет. Зилала Сулайманова. Ғафур Ғұламның «Шум бола» қыссасына жасалған иллюстрациялар.

аңшының торына дегелек түсіп қалады. Дегелек аңшыдан оны қойып жіберуін, есесіне оның үш тілегін орындайтынын айтады. Шал дегелекті қойып жібереді. Бір күні тұрмысында қиыншылық болады да сол себептен шал дегелектің құзырына келеді. Дегелек шалға бірінші ретте ашыл дастарқан, ал екінші рет келгенінде қайнар құмыра сыйлайды. Шалдың жолда жаман адамдардың қулықтарының арқасында алданып қалып жатқанын білген дегелек оған ұр тоқпақ береді. Шал тоқпақтың көмегімен шындықты біліп алады. Ал сараң бай шалдың заттарын қайтарып

береді. Баян етілген сюжет негізінде ертегінің мазмұнына сай бейнелеу образдарын іздеп тап. Мұнда төмендегі жағдайларға мән беру мүмкін:

1. Кәрі аңшының дегелекпен алғаш кездесуін қалай елестетесің?


2. Дегелектің құзырына кетіп жатқан аңшы шал жолда кімдерді кездестірді?

3. Дегелек құзырынан сый алып келе жатқан шал қандай оқиғаларды бастан кешірді?


Жоғарыдағы сұрақтар негізінде иллюстрацияның бірнеше варианттарын ұсыну мүмкін. Мысалы, бірінші вариантында аңшының торына түскен дегелекпен алғаш кездесуі; екінші вариантында аңшының жолда шопандармен кездесуі; үшінші вариантта аңшы мен айлакер байдың кездесуі; ал төртінші вариантта ұр тоқпақ сараң байды жазалап жатқан күйі бейнеленуі мүмкін. Бұдан тыс, сен дербес түрде басқа эпизодты да алуың мүмкін (70–71-суреттер).

Сурет сызудан алдын суретті қағаз бетіне орналастыруға арнайы назар аудар (72-сурет).


Композицияны кескіндемеде жасап жатқанда да перспектива ережелерін сақта. Егер жұмысыңды акварель бояуларымен орындайтын болсаң, ашық



69-сурет. Тельман Мұхамедов. «Зумрад пен Қымбат» ертегісіне жасалған иллюстрация.



70-сурет. И.Халхожаев. «Ўр, тоқпақ» ертегісіне жасалған иллюстрация.



71-сурет. Теңдесінің жұмысынан үлгі.



реңдермен басқыштар бойынша бояуың керек. Өрбір басқышта реңдерді қоюластырып барасың. Сондай-ақ реңдердің рәміздік мағыналарына да көңіл бөл. Бұл саған ұнамды және ұнамсыз кейіпкерлердің образын ашып беруге жәрдем береді.

Жұмыс барысында тазалыққа ерекше мән бер. Суды артықша жұмсама.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Кітап безендіретін атақты суретшілерден кімдерді білесің?
2. Ертегілерге жасалған иллюстрациялар басқа кітаптарға жасалған иллюстрациялардан қалай ерекшеленеді?



72-сурет. «Ұр, тоқпақ» ертегісіне иллюстрация жасау басқыштары.



Үйге тапсырма:

1. Бірінші сабақта иллюстрацияның қаламсуретін, ал екінші сабақта кескіндеме вариантын аяқтау.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді жазып ал.

18 -тақырып

«ФУТБОЛШЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА МҮСІН ЖАСАУ

Спорт түрлерінің ішінде ең кең таралғаны, сөз жоқ, футбол. Сондықтан да оны «миллиондар ойыны» деп атайды.

Өзбекстанда бірінші футбол ұжымы 1912 жылы Қоқан қаласында «Мұзұжым» атымен ұйымдастырылған болса, бүгінгі күнде республикамыздың барлық облыстарында футбол ұжымдары бар. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында мемлекетімізде футболдың өркендеуіне үкіметіміз баса назар аударып отыр. Сол тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан ұлттық құрама ұжымы Азия ойындары жеңімпазы болған (1994), жастар және өспірімдер құрама ұжымдары бірнеше рет әлем чемпионатында қатысып, табанды ойын көрсетті. Өспірімдер құрама ұжымы Азия біріншілігінің алтын және күміс медальдарының жүлдегері болған.

Футбол ойындарын теледидар арқылы көп көргенсің. Сол себепті сен футболда қандай жағдайлар болатынын, футболшылар қандай әрекеттер жасауын жақсы білесің (73-сурет). Сенің бұл ұғымдарың футболшы тақырыбында мүсін жасауыңа мүмкіндік туғызады.



73-сурет. Футбол ойынынан үзінділер.

Кейбіреулерің әлем футболының жұлдыздары – Пеле, Марадона, Рональдо, Зидан, Бекхам, Рональдо, Месси, өзбекстандық Бирадар Абдураимов, Геннадий Красницкий, Миржалал Қасимов, Сервер Жепаров, Одил Ахмедов сияқтылардың суреттерін жинап жүресің. Сондай суреттердегі кейіпкерлеріңнің күйлерін еске алсаң, жасайтын композицияңның шешімін табуың оңай болады.

Футболшы мүсінін жасағанда оның қай **позицияда** ойнауына да мән беру керек. Мысалы, қақпашының допқа ұмтылып жатқаны, қорғаушының қарсыласының шабуылшысынан допты алып қойып жатқанын, жартылай қорғаушының қарсыласын алдап өтіп жатқанын, ал шабуылшының допқа соққы беріп жатқан шақтарын бейнелеу мүмкін (74-сурет). Тақырып вариантын таңдап алғаннан кейін лай немесе пластилиннен футболшы кеудесінің басы,



қолдары, аяғы, денесі үшін қатынастардан туындаған күйде бөліп аласың. Олардың көрінісін (кескіндерін) жасап алған соң кеуде бөлігіне біріктіріп шығасың.

Жасалған мүсіннің кемшіліктері ағаш немесе пластмасса стектер көмегімен жону, қырып алып тастау немесе жабыстырып шығу арқылы жөнделеді.




Егер мүсінді үлкендеу өлшемде жасаған болсаң, оның мықтылығын қамтамасыз ету үшін сымнан **қаңқа** – тіреуіш жасап аласың және кеуде бөліктерін оған жабыстырып шығасың (75-сурет).

Футболшының мүсінін жасауда үлгіде көрсетілген иллюстрациядан шығармашылықпен пайдалануыңа болады.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Әлемнің атақты футбол ұжымдары мен футболшыларынан кімдерді білесің?
2. Өзбекстандық танымалды футболшылардан кімдерді білесің?
3. Мүсін мықты болу үшін не істелінеді?



74-сурет. Футболшы әрекеттерінің қараламалары.



75-сурет. Шахло Юсупова. Футболшы мүсінін жасау басқыштары.



Үйге тапсырма:

1. Футбол тақырыбында пластилин немесе лайдан дербес композиция жасау.
2. Атаулар дәптеріне бөліп көрсетілген сөздерді жазып келу.
3. Қабілетті балалар үшін тапсырма: екі фигуралы «Футболшылар» тақырыбында мүсін жасау.

19 -тақырып

«НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Наурыз ерте замандардан бері Шығыс мемлекеттерінде көктем мерекесі, жасару мезгілі ретінде кең атап өтіледі. Наурыз туралы халқымыз арасында көптеген аңыздар бар.

Көктем, Наурыз тақырыбы суретшілер шығармашылығында да маңызды орын алады. Өзбекстанның бейнелеу өнерінің тарихында Орал Таңсықбаев, Николай Карахан, Рахим Ахмедов, Немат Қозыбаев, Абиджан Бакиров, Абдували Момынов сияқты суретшілердің пейзаждарында көктем тақырыбы өзіне тән әдемілікпен бейнеленген.

Сен істейтін композицияда Наурыздың өзгеше элементтері – енді көгеріп келе жатқан көк шалғын, жамырай гүлдеген бадам, өрік және шабдалының бұтақтары, көктем туралы айналаға хабар таратып жатқандай аспанда шарқ ұрып ұшып жүрген қарлығаштар, жазықтықтарда ұйымдастырған жалпыхалықтық мерекелер, серуендер, әжелеріміз



76-сурет. Сумалак серуені.

өзірлеген сумалактар, күрес немесе көкпар жарыстары, бақшылар, саналуан фольклорлық ансамбльдердің өнер көрсетулері тақырыбы болуы мүмкін. Сондай-ақ, Наурыз туралы әке-шешелеріміз, ата-әжелеріміз айтып берген аңыздардың мазмұны да сен жасайтын композицияға тақырып болуы мүмкін. Әрине, Наурыздың негізгі тақырыбы – сумалак (76-сурет).

Жоғарыда сенің есіңе салған жағдайларды жақсылап талқыла да, өзің үшін тақырып таңда. Негізінен, мүмкіндігінше өзің көрген, тікелей куәсі болған оқиғаларды бейнелеуге тырыс. Ұстазыңмен келісе отырып, композицияға «Наурыз серуені», «Батпырауық ұшыру», «Сумалак» тақырыптарынан біреуін таңдауың мүмкін (77–78-суреттер).

Жұмысты әрқашанғыдай жеңіл сызықтар көмегімен қаралама эскиз жасап алудан бастайсың. Оларды қорытындылап, қорытынды композиция вариантын тауып алған соң, оны кескіндемеде орындауға кірісесің.



77-сурет. Исламжан Рахманов. «Сумалак» тақырыбындағы композиция қараламасы.



78-сурет. Теңдесінің жұмысынан үлгі.

Алдын адамдардың суреті, яғни композицияның бірінші жоспардағы негізгі элементтерін, содан соң айналадағы элементтерді басқыштар бойынша реңмен бояп шығасың. Бұл алдымен адамдарды сызып, содан соң басқасын жасау дегені емес. Тек белгілі бір кезектілікте басқыштар бойынша жұмысты соңына жеткізесің. Жұмыс барысында таза реңдерден пайдалану, бейнелеу өнердің перспектива, жарық-көлеңке, қатынастар, реңдердің бір-біріне өзара ықпалы сияқты заңдылықтарды сақтауды ұмытпа.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Наурыз мерекесі қашан атап өтіледі?
2. Наурыз тақырыбында шығарма сызған суретшілерден кімдерді білесің?
3. Наурызда қандай шаралар өткізіледі?
4. Көктемде әзірленетін қандай тағамдарды білесің?



Үйге тапсырма:

1. Наурызға тиісті композицияны бірінші сабақта қаламбейнеде, екінші сабақта кескіндемеде аяқтау.

2. Атаулар дәптеріне Наурыз серуенінде өткізілетін тамашалардың аттары мен көктемгі тағамдарды жазып келу.

3-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

I. Теориялық біліміңді сынап көр.


1. Неліктен қыс күндерінде жауған қардың реңі өзгереді?
2. Сильдеу деген не?
3. Атақты футболшылардан кімдерді білесің?

II. Қабілетіңді сынап көр.

1. Ташкент, Самарқанд, Шахрисабз қалаларындағы Әмір Темір мүсіндерінің авторы кім?
A) Рахим Ахмедов;
B) Илхам Жаппаров;
C) Азамат Хатамов;
D) Құтлуғ Башаров.
2. Кітап графикасына тиісті термин қай жауапта дұрыс көрсетілген?
A) майлы бояу;
B) пластилин;
C) иллюстрация;
D) панно.
3. Мүсіншілікке тиісті терминді анықта.
A) бояу жаққыш;
B) гирих;
C) пластилин;
D) нақыш.
4. «Бидің дүниеге келуі» шығармасының авторы кім?
A) Немат Қозыбаев;
B) Рахим Ахмедов;
C) Бахадыр Жалалов;
D) Орал Таңсықбаев.


«ТАУДА КӨКТЕМ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Ашық табиғат қойнауында натурадан әдемі суреттер сызу суретшіден үлкен шеберлік талап етеді. Әйтсе де, тау мен орманды, теңіз бен өзендерді, бақтар мен далаларды, шөл мен сахараларды көркейтіп бейнелейтін суретшілер де бар. Пейзажшы суретшілердің де өзі сүйген мезгілі, күннің қалпы бола-




Немат Қозыбаев

Өзбекстан халық суретшісі, Өзбекстан Көркемдік академиясының академигі, «Ел-жұрт құрметі» орденінің иегері. 1929 жылы Ферғана қаласында туылған. 1953 жылы И.Репин атындағы Ленинград Суретшілік, мүсіншілік және сәулеткерлік институтын бітірген. Н.Қозыбаев бейнелеу өнерінің барлық жанрларында нәтижелі шығармашылық жасаған. Шығармалары республикамыз және шет ел мұражайларында сақталады. Оның «Надырабегім», «Абдулла Қадыри», «Науаи және Сұлтан Хусейн» сияқты портреттері, «Көктем», «Ферғана алқабы» секілді пейзаждары, «Іздеушілер», «Шопандар құзырында» тәрізді тұрмыстық жанрдағы шығармалары Өзбекстан бейнелеу өнерінің құнды үлгілері тобына енеді.




79-сурет. Орал Таңсықбаев.
Менің әнім.




80-сурет. Немат Қозыбаев.
Ақташта көктем.

ды. Халық суретшісі академик Орал Таңсықбаевты Өзбекстан пейзажшысының күйшісі деп атайды. Ол өз шығармаларынан бірін «Менің әнім» (79-сурет) деп атағаны да оны Өзбекстанның ғажайып табиғатының күйшісі екендігін дәлелдейді. Оның «Өзбекстанда наурыз», «Тауда», «Тауларда көктем» атты шығармаларында еліміздің көктем мезгіліндегі сұлу табиғаты аса шеберлікпен бейнеленген.


Пейзажшы суретшіден Николай Карахан, Рахим Ахмедов, Немат Қозыбаев (80–81-суреттер), Анвар Мирсоатов, Абиджан Бакиров, Ғафур Абдурахманов (82-сурет), Абдували Момынов, Янис Салпинкиди, Дияс Имамов, Мұхамедияр Ташмурадовтардың шығармаларында еліміз табиғаты өзіне тән түрде бейнеленген.



81-сурет. Немат Қозыбаев. Таң.



82-сурет. Абиджан Бакиров. Өрік гүлдегенде.



83-сурет. *Асқарали Сулайманов.* «Тауда көктем» тақырыбында композиция жасау басқыштары.



Тауда көктем тақырыбында композиция жасаудан алдын сен есінде сақталған елестерді жаңғыртуға әрекет ет. Өзбекстанның көптеген аумақтары таулы жерлерден тұрады. Әсіресе, Ташкент облысының Бостандық, Ғазалкент аудандарындағы, Ферғана алқабындағы, Жызақ–Самарқант жолындағы, Қашқадария мен Сұрхандария аңғарындағы таулы пейзаждарды тікелей өзің көрген болуың мүмкін.

Сонымен қатар суретшілердің пейзаж жанрындағы шығармаларында тау пейзаждарынан тыс теледидар арқылы, кітаптардағы иллюстрациялар арқылы талай рет көргенсің. Сен көргендеріңді бір-бірлеп есіңе түсір. Сонда сенде композиция варианттары үшін тақырып табу оңай болады.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Көктем тақырыбында пейзаж шығармаларын жасаған қандай суретшілерді және олардың қандай шығармаларын білесің?
2. Өзбекстандық қай суретші өзінің пейзаж жанрында жасалған шығармаларынан бірін «Менің әнім» деп атаған?
3. Өзбекстанның қай облыстарында таулы пейзаждарды көруге болады?



Үйге тапсырма:

1. «Тауда көктем» композициясын кескіндемеде аяқтау.
2. Атаулар дәптеріне бөліп жазылған сөздерді жазып келу.

IV ТОҚСАН

21 - тақырып

«КӨКТЕМ ГҮЛДЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Көктем тақырыбы тек жаңа өніп шыққан шалғындар, адырларды қызыл кілемдей қаптаған қызғалдақтар, қызғыш, ақ және күлгін түсте гүлдеген бадам, өрік, шабдалы мен алмалардың пейзажшы суретші бейнелеген шығармаларында ғана емес, сондай-ақ көктем өсімдіктерінің бейнесі ретіндегі натюрморт шығармаларында да көру мүмкін. Абиджан




84-сурет. Абиджан Бакиров.
Өрік гүлі.




85-сурет. Лев Резников.
Көктем.



86-сурет. Абиджан Бакиров. Қызғалдақ.



87-сурет. Евгений Мельников. Қызғалдақтар.




Абиджан Бакиров

Өзбекстан халық суретшісі, 1941 жылы 19 наурызда Өндіжан қаласында туылған. Республикалық Суретшілік колледжі және Ташкент Театр және суретшілік институтын (қазіргі Камалиддин Бехзад атындағы Ұлттық суретшілік және дизайн институтын) академик Рахим Ахмедов шеберханасында бітірген. Өзбекстан бейнелеу өнері тарихында ұлы тұлғалар мен замандастар портреттері, лирикалық көріністер және натюрморт жанрындағы шығармаларымен лайықты орын алған. Шығыстың ұлы ғұламасы Беруни, халық әртісі Аббас Бакиров портреттері, «Шaxимарданда күз», «Наурыз» тақырыбындағы пейзаж жанрындағы, «Күзгі натюрморт» атты натюрморт жанрындағы шығармалары осылардың қатарында.

Бакировтың «Өрік гүлі» (84-сурет), Л.Резниковтың «Көктем» (85-сурет), Абиджан Бакиров пен Евгений Мельниковтың «Қызғалдақтар» (86–87-суреттер) атты натюрморттарын мұқият бақыласаң, бұның растығына куә боласың.

Көктем гүлдері тақырыбында натюрморт жанрындағы шығармаларды Рахим Ахмедов, Юрий Талдиркин сияқты суретшілер да жасаған.

Демек, көктем гүлдері тақырыбындағы композиция жасаудың түрлі варианттары болуы мүмкін екен. Онда сен натюрморт жанрын негізгі жанр ретінде алып, көктем әсемдігін толық көрсету үшін қосымша элементтерден пайдалануың мүмкін. Сен жасайтын



88-сурет. *Равшан Асранов.*
Натюрморт.




89-сурет. Теңдесіңнің
жұмысынан үлгі.

композицияның негізгі элементі ретінде атақты суретшілер бейнелеген қызғалдақтар, басқа көктем гүлдері, өріктің гүлдеген бұтағы болуы мүмкін. Қосымша элемент ретінде терезеден көрініп тұрған табиғат пейзажы, гүлдеген ағаш бұтағы болуы мүмкін. Ескеріп өтілгендерге қосымша түрде тағы да қай элементтерден пайдалану мүмкін? Бұл үдерісте суретшілердің көктем тақырыбындағы натюрморттары және басқа композицияларынан шығармашылықпен пайдалану да мүмкін. Жасайтын композицияның тақырыбы мен мазмұнын жақсылап ойлап алған соң қаламбейнеде композицияның бірнеше алғашқы түрдегі варианттарын эскиз түрінде сызып ал. Эскиздердің әрқайсысынан кей элементтерді алған күйде композицияның қорытынды варианттарын қаламмен сызып ал (90–91-суреттер).



90-сурет. «Көктем гүлдері» тақырыбында натюрморт жасау басқыштарынан үлгілер.



91-сурет. «Көктем гүлдері» композициясын жасау басқыштары.

Композицияның қаламсурет вариантын белгіленген ережелер негізінде бейнелеп алған соң, оны кескіндемеде орындауға кіріс. Кескіндеме жасау барысында көктемді көрсететін реңдерден пайдалануға тырыс. Егер кескіндемені акварель бояуларымен бояйтын болсаң бастапқыда сұйықтау, ашықтау

реңдермен боя. Реңдерді біртіндеп қоюластыра отырып натураның шынайы реңіне сәйкестендіріп барасың. Реңдерді бір-біріне араластырып қосымша рең жасауда олардың ластанып кетуіне жол қойма. Композицияны аралас техникада, яғни акварельда гуашь бояуларымен жасасаң, саған контраст реңдерден пайдалануың үшін көбірек мүмкіндік туады. Композицияның кейбір жерлерін, мысалы, фонын қою реңмен бояп алып, гуашь пен акварель бояуы араласпаларынан жасалынған ашық реңдерді сол жерге жақсаң, реңдер контрасты есебіне рең жағынан әдемі сурет пайда болады.

Композицияның негізгі бөліктерін, үлкен көлемдерге рең беріп болған соң кейбір бөлшектерді жасауға кіріс. Егер үлкен көлемдерді бояуға анық реңдерден аздау пайдаланған болсаң, бөлшектерді жасау барысында мүмкіндігінше таза және айқын реңдерден пайдалануға әрекет ет. Өйткені, көктем гүлдерінің барлығы айқын реңде болады.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Көктем тақырыбында композиция жасаған қай суретшілерді және олардың қандай шығармаларын білесің?
2. Көктем мезгілінде Өзбекстан табиғатында қандай реңдерді кездестіру мүмкін?





Үйге тапсырма:

«Көктем гүлдері» композициясын кескіндемеде аяқтау.

САЗДАН ЖАСАЛҒАН ТАБАҚҚА НАҚЫШ ЖАСАУ

Өзбекстанның құмырашылық өнері тарихы ұзақ тарихқа ие. Саздан бұйым жасау өнері құмырашылықтың ең кең тараған түрінің бірі болып табылады. Сондықтан саздан жасалған бұйымдарды Өзбекстанның әрбір отбасында кездестіруге болады (92-сурет). Саздан жасалған табақ, кесе, шәйнек, пияла немесе тәрелкелер қолданылуына қарай түрлі кескін мен өлшемдерде жасалады. Сол үшін олардың көркем әшекейі де әр түрлі болады. Саз ыдыстардың өнер шығармасы ретінде үйлердің ішкі бөлігін безендіру үшін қолданатын түрлері де бар. Сондай саз бұйымдарды шет ел саяхатшылары, өнер сүйгіштері елімізден сыйлық ретінде алып кетеді. Табақтардың әдемі болуында олардың кескіні және реңі мен нақыштары да ерекше тартымдылыққа ие.



92-сурет. Өзбекстан құмырашылық мектептерінің шығармаларынан үлгілер: а) Хорезм; ә) Риштан; б) Ғыждуан.


Саздан жасалған табақ үшін нақыш жасаудан алдын Өзбекстан саздан бұйым жасаушылық өнерінің өзіне тән жақтары туралы білімді есінде қайта тіктеуге әрекет ет. Өзбекстанның Ташкент, Риштан, Үргіт, Ғұрымсарай, Хиуа құмырашылық мектептері бар. Олар бір-бірінен әшекей үшін қолданылатын көркем элементтері, реңдерімен өзгешеленеді.

Өзбекстан құмырашылық тарихында Рахимовтар әулетінің ерекше маңызды орны бар (93-сурет). Мәскеу және Ленинград жоғары оқу орындарында құмырашылық саласының тарихы мен технологияларын терең зерттеген Мухиддин Рахимовтың баласы Акбар Рахимов және немересі Әлішер Рахимов Ташкент құмырашылық мектебі дәстүрлерін жоғары деңгейге көтерді.

Табақ және оның түрлері туралы түсініктеріңді тіктеп алған соң өзің жасайтын композиция туралы ой жүргізуің мүмкін. Айта кету керек, табаққа жасалатын нақыш композициясы сен екінші тоқсанда жасаған




93-сурет. Мухиддин Рахимов жұмыстарынан үлгілер.



94-сурет. Саздан жасалған табақ үшін нақыш жасау басқыштары.

дөңгелек ішіндегі нақыш композициясына ұқсас болады. Тек оның элементтерінде айырмашылық болуы мүмкін (94-сурет). Демек, жұмысты сурет дәптердің ортасына шеңбер сызудан бастайсың. Оның диаметрі 12 сантиметр болуы мүмкін. Одан үлкені сурет дәптер көлеміне сай келмеуі, ал кішісі нақыш жасауда қиыншылық туғызуы мүмкін. Кезектегі жұмыс шеңбердің ішінде бастапқы шеңберден кішілеу тағы да бір шеңбер сызу болады. 95-б суретте шебер құмырашы осындай жолмен істеген. Пайда болған үлкен және кіші шеңберлер арасындағы жолақты жерге гирих әдісінде, ал ішкі шеңбер ауданына



95-сурет. Саздан жасалған табақ үшін нақыш үлгілері.

ислими нақыштар берілген. Ал 95-а суретте табақтың ауданы шеңберлермен үш бөлікке бөліп алынған.

Шеңберлер саны қанша болу керектігі туралы сұраққа жауап тауып алған соң, шеңбердің ауданын тең бөліктерге бөліп аласың. Оны кем дегенде төрт бөлікке бөлуің керек болады. Кейбір оқушылар шеңберді алты немесе сегіз бөлікке бөлуі де мүмкін. Сол бөліктердің біріне нақыш композициясының бір бөлігін сызып аласың. Содан соң оларды симметриялық түрде бөліктердің басқа бөліктеріне де өткізесің. Бұл үдерісте калка қағаздан пайдалансаң дөңгелектің әр бөлігіндегі нақыш бөліктері біркелкі шығады. 95-ө суреттегі әшекейлерді жақсылап қара. Шебер құмырашы біркелкі суреттерді алты рет қайталаған. Демек, шебер оны алты теңдей бөліктерге бөлген.

Саздан жасалған табақ үшін жасалатын нақыш композициясын қаламмен орындап алған соң, оған рең беру мүмкін. Әдетте, нақыш композициялары

акварель, гуашь және темпера бояуларымен жасалады.

Табаққа жасалған нақышқа рең беруде үлкен және кіші аудандарды бояу тәртіптері сақталады. Онда реңдердің түрлері (жылы және суық реңдер) және түстерінің (қою және ашық реңдердің) контрастылығынан орынды пайдалануға әрекет ет.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Саздан жасалған ыдыстарға берілетін көркем әшекейлердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?
2. Шет елдік саяхатшылар және қолданбалы өнер сүйгіштері саздан жасалған табақтарды қандай мақсаттарда сатып алады?
3. Өзбекстанның қай қалаларында құмырашылық өнерінің мектептері бар?



Үйге тапсырма:

1. Бірінші сабақта табақ үшін жасалатын композицияның қаламбейнедегі бейнесін соңына жеткізу, ал екінші сабақтан соң кескіндемеде аяқтау.
2. Атаулар дәптеріне бөліп жазылған сөздерді жазып келу.



-тақырып

«БОКСШЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА МҮСІН ЖАСАУ


Сен спорттың әр түрлі саласына қызығасың. Олардың арасында, сөз жоқ, бокс та бар. Бокс — Өзбекстан спортының бұқаралық түрлерінің бірі. Өйткені, Өзбекстаннан әлемге әйгілі боксшылар

жетіліп шыққан. 1974 жылда Гавана қаласында әуесқой боксшылар арасында Бірінші әлем чемпионаты өткізілгенде, мінбенің ең жоғарысына «Ташкент жолбарысы» деген атқа ие болған өзбекстандық Руфат Рискіев көтерілген.

Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында Өзбекстанда спорттың бұл түрі жедел қарқындармен өркендей түсті. Қазіргі күнде олимпиада чемпионы әндіжандық Мұхаммадқадыр Абдуллаев, екі дүркін әлем чемпиондары бұхаралық Аббас Атаев, әндіжандық Өткірбек Хайдаров, әлем біріншілігінің күміс медаль жүлдегері және екі дүркін Азия чемпионы қоқандық Элшад Расулов, Азия чемпионы шыршықтық Рустам Саидовтардың (96-сурет) есімдері бүкіл әлемге танылған. Кәсіпқой боксшыларымыз Артур Григорьян әлем чемпионы ретінде өз белбеуін 16 рет сәтті қорғаған. Сен теледидарда берілген репортаждар, газет пен журналдардағы фотоиллюстрациялар



96-сурет. Бокс бойынша Азия чемпионы Рустам Саидов.



97-сурет. Боксшы әрекеттерінің қараламасы.

арқылы олардың іс-әрекеттерін талай рет бақылағансың.

Композиция жасаудан алдын боксшылардың тұру қалыптары қандай болады, деген сұраққа жауап табуға әрекет етіп көр. Бізге белгілі болуына қарағанда, бокста екі жағдай бақыланады. Біріншісі шабуыл жасау қалпы болса, екіншісі, қорғану күйі. Соған қарай қол, аяқ және кеуде әрекеттері әр түрлі болады. 97-суретте бейнеленген боксшының әр түрлі қалыптарын мұқият бақыла. Сондай-ақ, боксшының шабуыл жасау барысында соққы беру әдістері де әр түрлі болады. Атап өтсек, оңнан, солдан, турадан, төменнен соққы беруге қарай жасалатын мүсіннің қалпын анықтап ал. Мұнда сен мүсіннің әрекетімен бірге кеудесінің тірек нүктесін дұрыс табуың қажет болады. Әйтпесе жасаған



98-сурет. «Боксшы» мүсінін жасау басқыштары.

мүсінің тап құлап түсерліктей болып көрінуі мүмкін. Сондықтан жасайтын мүсінің көрінісін анықтау үшін қаламмен бірнеше қаралама жасап ал. Бұл жұмысыңды орындауда үлгіде келтірілген суреттерден шығармашылықпен пайдалануға әрекет ет.

Мүсіннің композициясын анықтап алған соң, сәйкес түрде боксшы кеудесінің бөліктерін бөліп аласың. Содан соң 98-суретте көрсетілгендей, бөліктерін біріктіріп шығасың.

Боксшы кеудесінің әрекетіне сай жалпы күйін жасап алған соң, оның бөлшектерін жасауды бастайсың. Мұнда мүсіншілік құралдары – стектерден пайдаланасың. Олардың көмегімен артықша жерлер қырып алып тасталады, кемшіліктері толтырылады. Онда сен майда бөлшектерге ерекше мән бер. Мысалы, боксшының көзі немесе қасының бейнеленуі оншалықты маңызды емес. Ең маңыздысы, оның әрекеті образды шығуында.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбекстандық қай боксшылар Олимпиада, Әлем және Азия чемпиондары болған?

2. Бокс сайыстарында боксшының қандай әрекеттерін бақылау мүмкін?
3. Мүсіншілікте боксшының қалпын дұрыс бейнелеу үшін нелерге мән беру керек?




Үйге тапсырмалар:

1. Боксшы мүсінін қорытындылау.
2. Қабілетті балалар үшін екі фигуралы боксшылар мүсінін жасау.

24 - тақырып

«БӘЙГЕ» ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ СЫЗУ

Бәйге тақырыбы өте кең мағынаны қамтиды. Олардың барлығы бәйге рухында болады және олар әр түрлі болады. Негізінен алғанда, балалардың көшеде, мектеп алаңында жүгіруі, велосипедте кім озарға бәйге ұйымдастыруы да бәйгеге жатады. Бірақ бәйгенің үлкендер арнайы әзірлік жасап өткізетін түрлері де бар. Мұндай бәйгелер атта, спорт велосипеді (99-сурет), мотоцикль, жеңіл автомобильдерде де өткізіледі. Бәйгенің ең көп тарағаны – раллилер, көп жылдардан бері Париж-Дакар бағытында сахаралар арқылы өтеді. Ал «Формула-1» деп аталатын бәйгелер жылдамдық пен қарсыластық жағынан ең қарқындысы болып есептеледі. Сондай-ақ, бәйгелердің балалар картингі, багги, мотокросс түрлері де бар. Ал Орталық Азия халықтарында атпен шабатын «Қыз құмақ» ойыны да негізінде бәйгеге ұқсаған сайыс. Көкпарда да бәйге элементтері бар: біреу көкпарды алып қашады,




99-сурет. Веложарыс.

басқа біреу оны қуады. Демек, бәйге тақырыбы кең қамтулы болады да бұл тақырыпта композиция жасау үшін алуан түрлі тақырыптар таңдау мүмкін.

Бәйге тақырыбы суретшілерде де әр түрлі варианттарда бейнеленген. Өзбекстан халық суретшілері Маннон Саидовтың «Шабандоздар» (100-сурет), Құтлуғ Башаровтың «Өзбек ұлттық ойындары» жиынтығындағы шығармалары, қазақстандық суретші Н.Акинбаевтың «Қыз қуу» (101-сурет) атты шығармалары бұған айқын мысал бола

алады. Берілген иллюстрацияларды, сондай-ақ, теңдесіңнің жұмысын жақсылап бақыла (102-сурет). Бақылаудың нәтижесінде ойында кескінделген идеялар негізінде «Бәйге» тақырыбында композиция варианттары үстінде ойлап көр. Бұл үшін әдеттегідей, жұмсақ қаламмен бірнеше алғашқы түрдегі сурет – эскиз жасап ал.

Тақырып екі сағатқа көзделгені есепке алынып, композицияның мазмұны туралы көбірек ойлан. Сен жоғарыда айтып өтілген спорт түрлерінен біріне композиция жасауың мүмкін. Бұған көбірек қызығуың мен пікірлеуіңе, әсерленуіңе негіздел. Композиция варианттарын табуда үлгілерде көрсетілген иллюст-



100-сурет. *Маннан Саïдов. Шабандоздар.*


рациялардан шығармашылықпен пайдалануың мүмкін.

Әркім өз қызығуына қарай тақырып таңдауы мүмкін. Ең негізгісі, оның мазмұны мен композициясы шынайы шығуы керек. Ол үшін қаламсурет эскиздері көмегімен композиция варианттарын шығармашылықпен іздену барысына ерекше назар аудару керек. Варианттар қанша көп болса, композиция үшін шешім табу оңай болады.

Эскиздерден композиция вариантын сызып алған соң, оны кескіндемеде орындайсың. Композицияны орындау барысында иллюстративтік материалдардан, оқулықта берілген үлгілерден шығармашылықпен пайдалан. Жұмысыңда қиыншылық жүзеге келген жағдайларда ұстаздарыңның кеңестеріне құлақ сал. Сондай-ақ, композицияның әрбір бөлшегін жасап жатқанда есте сақталған және ойыңдағы образдардан да тиімді пайдалануға әрекет ет.



101-сурет. Н.Акинбаев. Қыз қуу.



102-сурет. Тендесінің жұмысынан үлгі.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Орталық Азия халықтарының жарыс элементтері бар қандай дәстүрлі жарыстарды білесің?
2. Өзбекстандық суретшілерден кімдер жарыс тақырыбында бейнелеу өнері шығармаларын жасаған?
3. Спорт жарыстарының ішінде жарыстың қандай түрлері бар?



Үйге тапсырма:

1. Бірінші сабақта «Жарыс» тақырыбындағы композицияның қаламбейнедегі суретін соңына жеткізу, ал екінші сабақтан соң кескіндемеде қорытындылау.
2. Қабілетті балалар үшін композицияның басқа вариантын дербес орындау.

4-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Тапқырлығыңды сынап көр.

1. Қызғалдақтар тақырыбында қай өзбек суретшілері натюрморт жасаған?
A) Евгений Мельников, Абиджан Бакиров;
B) Орал Таңсықбаев, Николай Карахан;
C) Жавлон Умарбеков, Бахадыр Жалалов;
D) Мұхаммад Нуриддинов, Әлішер Алиқулов.
2. Қай қатарда «Жарыс» деп аталған кескіндеме шығармасын жасаған өзбек суретшісі көрсетілген?
A) Акмал Икрамжанов; C) Янис Салпинкиди;
B) Абдували Момынов; D) Маннон Саидов.
3. Ташкент құмырашылық мектебі дәстүрлерін жалғастырып келе жатқан әулет өкілі, Өзбекстан Көркемдік академиясының академигі кім?
A) Азамат Хатамов; C) Шыңғыс Ахмаров;
B) Акбар Рахимов; D) Артық Файзуллаев.

4. Қай қатарда Өзбекстан көркем қолөнершілігінің құмырашылық түрі дамыған орталықтары атап өтілген?

- A) Ташкент, Гүлстан, Марғұлан;
- B) Жызақ, Қаршы, Наманган;
- C) Үргеніш, Қоқан, Терміз;
- D) Риштан, Үргіт, Ташкент.

25 - тақырып

«ҚАСҚЫР МЕН ТЫРНА» МЫСАЛЫНА ИЛЛЮСТРАЦИЯ ЖАСАУ


Өтілген сабақтардан сен ертегілер не мақсатпен жазылатынын, не себептен оларды ересектер кішкенелерге айтып беруін түсінген болсаң керек. Ертегілер, негізінен, адамдарды жақсылыққа, игілікке үндейтін құрал. Адамдарды ертегілер сияқты жақсылыққа шақыратын тағы да бір құрал бар. Бұл — мысал. Онда жануарлар адамдар сияқты сөйлейді. Өмірде бір-бірімен ешқандай қатынаста болмайтын жануарлар мысалшының шеберлігінің арқасында тілге кіреді, бір-бірлерінің үйіне қонаққа барады. Әсіресе, орыс мысалшысы Иван Крыловтың мысалдарына атақты суретшілер ғажайып суреттер сызған. 103-суретте оның «Квартет» деп аталған мысалына Валентин Серов сызған иллюстрацияға көңіл бөл. Ондағы музыка «орындаушылары» – аю, есек, ешкі және маймыл тап шебер музыканттар сияқты өзіне тән образда бейнеленген. Суретші И.Семёновтың «Қасқыр мен тырна» мысалына



103-сурет. Валентин Серов.
«Квартет» мысалына жасалған
иллюстрация.

жасаған иллюстрациясында өзгеше композиция таңдалған (104-сурет). Бір аттас шығармаға әр түрлі варианттарда иллюстрация жасау мүмкін. Онда жануарларды тап адамдар сияқты сызу мүмкін. Ең негізі, есте сақтаған жөн, мысалшылар жануарлар образдары арқылы адамдарды жақсылыққа бастайды.

«Қасқыр мен тырна» мысалының мазмұны да өнегелі. Онда өзінің ашкөздігінің арқасында тамағына сүйек тығылып, тыныс алуға да мұршасы қалмаған қасқырдың тамағындағы сүйекті тырна өзінің ұзын тұмсығымен суырып алып жатқан жағдайы мысалдың ең әсерлі қалпы болса керек. Сондықтан да суретші мысалдың сол күйін бейнелеген. Сен де мысал мазмұнынан туындаған күйде композицияның бірнеше




104-сурет.
И.Семёнов. «Қасқыр
мен тырна» мыса-
лына жасалған
иллюстрация.





105-сурет. Б.Попов. «Түлкі мен жүзім» мысалына жасалған иллюстрация.



106-сурет. И.Семёнов. «Инелік пен құмырсақ» мысалына жасалған иллюстрация.

алғашқы түрдегі варианттарын эскиз түрінде жасап көр. Олардан ең дұрысын кескіндемеде орында. Композиция вариантын табуда «Түлкі мен жүзім» (105-сурет), «Инелік пен құмырсақ» (106-сурет) сияқты мысалдарға жасалған иллюстрация варианттарынан да шығармашылықпен пайдалану мүмкін. Сондай-ақ, ұстазыңмен кеңескен күйде өзіңе мақұл болған басқа мысалды таңдауың мүмкін.

Сурет жасау барысында мақсат тек бейнелеу тәжірибенді арттыру емес, сондай-ақ мысалдың мазмұнын ұғып, өз өмірінде одан үлгі ретінде пайдалануға әрекет ет.



Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Түрлі тақырыптардағы қандай мысалдарды және оларға иллюстрация жасаған қай суретшілерді білесің?
2. Өзің білген мысалдардан біреуінің мазмұнын айтып бер.
3. «Қасқыр мен тырна» мысалына жасаған иллюстрацияға шолу жасап бер.



Үйге тапсырма:

1. Жыл бойы орындалған жұмыстарды іріктеп, ең жақсыларын қорытынды сабаққа алып келу.
2. Атаулар дәптеріне бөліп жазылған сөздерден құралған оқу жылы барысында жиналған атаулар сөздігін тәртіпке салу.



26 -тақырып

ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ. КӨРНЕКІ-ӨҢІМЕ

Қадірлі оқушылар! Сен жыл бойы бейнелеу өнерінің кескіндеме, графика және мүсіншілік түрлерінде шығармашылық жұмыстарды орындадың. Сондай-ақ, қолданбалы өнердің нақышкерлік түрі бойынша түрлі кескіндердегі композицияларды орындадың. Бүгінгі сабақта оларды есепке аламыз. Сабақ барысында ұстазың білдірген жыл бойы орындаған жұмыстардың талқылануы туралы пікірлерін мұқият есіттің. Одан сен кімдер бейнелеу өнерінің білімі бойынша қандай жетістіктерге жеткенін біліп аласың. Әрине, бұл салада біреулер көбірек істеп, жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Сен де кейінгі оқу жылында оларға

теңелуге әрекет ет. Ал жақсы нәтижелерге қол жеткізгендерің сыныптастарыңа көмек беруің, оларды да өзің сияқты шығармашы адам болып жетілуі үшін көмектесуің керек.

Кезектегі міндет: сен жыл бойы жасаған ең жақсы жұмыстарыңды дербес түрде сыныптастарыңа түсіндіріп бер. Сондай-ақ, сыныптастарыңның ең жақсы жұмыстарына бірге шолу жаса. Бұл шараға мектеп басшылары, сынып жетекшің және ата-аналарыңды да шақырсаң қорытынды сабақ өзіне тән мерекелік деңгейде, шығармашылық көтеріңкілік рухта өтеді. Сыныптастарың және ұстазыңмен кеңескен күйде сынып оқушыларының жыл бойы орындаған ең жақсы жұмыстарынан мектеп фоесі, коридоры немесе сынып бөлмесінде көрме ұйымдастырсаң, өз жұмысыңнан қанағат табасың, өз жұмысыңды мақтан етіп, басқалардың да сұлулыққа қызығуына үлес қосасың.

Оқу жылы аяқталды. Бейнелеу өнері — әрдайым шығармашылық үшін тақырып табылатын сала. Жаз тақырыбы да суретшілер үшін қызық тақырып болғаны үшін, демалыс кезінде де бейнелеу өнерімен дербес айналысуды ұмытпа.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНЕ ТИІСТІ ТЕРМИНДЕР

Каркас (итальянша «carrucasse» – негіз) – лай, пластилин, сияқты жұмсақ материалдан мүсін жасалғанда ағаш немесе сым темірден жасалған тірегі, негізі.

Колорит (итальянша «colorito», латынша «color» – рең) – кескіндеме және нақышкерлік шығармаларында басымдылық түрінде қолданылған жетекші рең.

Композиция (латынша «composito» – түзу, қолдану) – бейне бөлшектерін белгілі қисын негізінде бір-біріне біріктіріп, орналастыру арқылы көркем шығарма жасау.

Контрасты реңдер – реңнің түсі мен тойынғандығына қарай бір-бірінен айқын өзгешеленетін реңдер: ақ – қара; көк – сары.

Реңдер гаммасы – бейнелеу және қолданбалы өнерде көркем шығарма жасауда реңдердің қолданылуында кезектілік тәртібі, жүйесі.

Реалистік әдіс – суретті бейнелеу өнері заңдары негізінде реалды (шынайы) көрсету әдісі.

Рельеф – мүсіншіліктің түрі, ауданына қатысты бедерлі сурет.

Рефлекс – белгілі бір бұйымға сәуле түсу (жарық) түсу нәтижесінде оның реңі басқа бұйымның сыртында көрінуі.

Сюжет – бейнелеу өнер шығармасының тақырыбын (мазмұнын) анықтайтын болмыс көрінісі (баяндалуы).

Эпизод – көркем шығарманың белгілі бөлігі. Мысалы, әдеби шығарманың иллюстрация жасау үшін таңдап алынатын үзіндісі.

Этюд – белгілі бір объект (табиғат көрінісі, портрет), бұйым (натюрморт), натура (портрет) немесе тақырыптық композиция үшін әр түрлі графикалық материалдарда тікелей натурадан жасалған бастапқы жұмыс, реңде бояулармен қысқа мерзімге жасалынған кескін үзіндісі.

МАЗМҰНЫ

1-тақырып.	Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары.....	3
2-тақырып.	«Қауын мен анар» суреті. Натюрморт.....	12
3-тақырып.	«Қауын сенуенінде» тақырыбында композиция жасау.....	18
4-тақырып.	«Биші» мүсінін жасау.....	21
5-тақырып.	«Күзгі гүлдер» тақырыбында сурет сызу.....	24
6-тақырып.	«Құстар» тақырыбында сурет сызу.....	28
7-тақырып.	Тік төртбұрыш кескінінде нақыш жасау.....	31
8-тақырып.	«Өзбекстан сәулеткерлік ескерткіштері» тақырыбында әңгіме.....	35
9-тақырып.	«Қонақтар сәулеткерлік ескерткіштері алдында» тақырыбында композиция жасау.....	38
10-тақырып.	«Шопан бала» тақырыбында мүсін жасау.....	40
11-тақырып.	Квадрат кескінінде нақыш жасау.....	44
12-тақырып.	«Спорт ойындары» тақырыбында композиция жасау.....	48
13-тақырып.	«Қыс келді» тақырыбында сурет сызу.....	52
14-тақырып.	Дөңгелек ішінде нақыш жасау.....	55
15-тақырып.	«Себет көтерген қыз» тақырыбында композиция жасау.....	57
16-тақырып.	«Түйе мен бота» тақырыбында мүсін жасау.....	61
17-тақырып.	«Ұр. тоқпақ» ертегі негізінде иллюстрация жасау.....	66
18-тақырып.	«Футболшы» тақырыбында мүсін жасау.....	72
19-тақырып.	«Наурыз мерекесі» тақырыбында композиция жасау.....	76
20-тақырып.	«Тауда көктем» тақырыбында композиция жасау.....	80
21-тақырып.	«Көктем гүлдері» тақырыбында композиция жасау.....	85
22-тақырып.	Саздан жасалған табаққа нақыш жасау.....	91
23-тақырып.	«Боксшы» тақырыбында мүсін жасау.....	95
24-тақырып.	«Бәйге» тақырыбында сурет сызу.....	99
25-тақырып.	«Қасқыр мен тырна» мысалына иллюстрация жасау.....	104
26-тақырып.	Қорытынды сабақ. Көрнекі-әңгіме.....	107
	Бейнелеу өнеріне тиісті терминдер.....	109

O'quv nashri

Asqarali SULAYMONOV, Islomjon RAHMONOV,
Zilola SULAYMONOVA

TASVIRIY SAN'AT

**Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
4-sinfi uchun darslik**

(qozoq tilida)

«SHARQ» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Toshkent – 2015

Баспа лицензиясы AI № 201, 28.08.2011.

Тәржімашы *Р. Усерова*
Редактор *К. Мамбетова*
Көркемдеуші редактор *У. Сулайманов*
Беттеуші *Э. Юлдашева*
Техникалық редактор *Бекзод Каримов*
Суретші *Р. Усерова*

Басуға рұқсат етілді 04.08.2015. Пішімі 70x90^{1/16}.
«Arial» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табақ 8,77. Баспа-есеп табағы 9,12.
Таралымы 5885 нұсқа. Тапсырыс № 3929

**«Sharq» баспа-полиграфия акционерлік компаниясының
баспаханасы, 100000, Ташкент қаласы, Буюк Турон көшесі, 41.**

Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерийсі негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сызылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлы қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабасына сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парақтарын, оқулықты тіктеп болмайды.